



**2003-2005 жылдарға арналған Алматы қаласы әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Алматы қалалық Мәслихатының II сайланған XXII сессиясының шешімі. 2002 жылғы 19 желтоқсандағы. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2002 жылғы 29 желтоқсанда N 500 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2006 жылғы 20 наурыздағы N 309 хатымен

*Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2006 жылғы 20 наурыздағы N 309 хатымен*

Қазақстан Республикасы Конституциясы 86 бабы 4 тармағының 1 тармақшасына, "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 3 бабының 1 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 6 бабы 1 тармағының 1 тармақшасына және Алматы қаласының Әкімінің ұсынысына сәйкес II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

2003-2005 жылдарға арналған Алматы қаласы әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарын бекітілсін.

*II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты  
XXII-сессиясының төрағасы*

*II-сайланған Алматы қалалық  
Мәслихатының хатшысы*

2002 жылы 19 желтоқсандағы II-ші  
сайланған Алматы қалалық Мәслихатының  
XXII-шы сессиясының шешіміне қосымша

**АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ 2003-2005 ЖЫЛДАРҒА  
АРНАЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ДАМУЫНЫҢ ИНДИКАТИВТІК ЖОСПАРЫ**

**Алматы, 2002**

**Алматы қаласының 2003-2005 жылға арналған әлеуметтік-экономикалық  
дамуының**

**индикативтік жоспарының жобасына түсіндірме жазба**

**КІРІСПЕ**

Алматы қаласының 2003-2005 жылдарға арналған әлеуметтік экономикалық дамуының индикативтік жоспары (бұдан әрі жоспар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2005 жылдарға арналған Іс қимыл бағдарламасына сәйкес ә з і р л е н д і .

Осы жоспар қаланың дамуының стратегиялық басымдылығын жүзеге асыруды көздейді және қаладағы бүгінгі қалыптасқан ахуалды байытады.

Қаланың үш жылға арналған даму аясына 2001 жылдың соңында қалыптасқан болжамдалған макроэкономикалық көрсеткіштер мен экономикамыздың нақты салалас заманғы дамуы негіз болып табылады.

### **Басымдылықтар**

**Қолда бар өндірістік басымдылықтарды тиімді пайдалану негізінде барлық салалар бойынша бәсекелестік өнеркәсіп өнімдерінің тұрақты дамуы қамтамасыз е т і л у д е .**

**Қала қажеттілігіне инвестициялар тарту, оның ішінде жаңа қаржы құралдары мен технологияларды пайдалана отырып.**

**Инновациялық қызметті дамыту, оның ішінде кәсіпкерлік саласында. Адамдардың әл-ауқатының деңгейін арттыру.**

### **Аймақтың экономикасын дамыту**

Алматы қаласы Республикалық маңыздылығы бар қала мәртебесіне ие. Оның қызметін жүзеге асыру Қазақстан Республикасының "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Заңы негізінде жүзеге асырылады, оның еліміздің ғылыми, мәдени, тарихи, қаржы орталығы ретіндегі ерекшеліктерінен туындай отырып, оның тиімді дамуына кепілдік бере отырып қабылданған.

Қаланың аумағы 287,6 шаршы метр құрайды, тұрақты тұрғындар саны 1132,8 м ы ң а д а м .

Алматы қаласының үлесіне жалпыреспубликалық көлемде ел бойынша ішкі айналым өнімі 15,4% құрайды.

Қалада 1.5 мыңнан жоғарғы өнеркәсіп кәсіпорындары, оның ішінде 164 ірі және орта кәсіпорын жұмыс істейді. Шаруашылық түріне қарай 90 пайызы жекеше, 202 шаруашылық субъектісі біріккен және шетел кәсіпорындары, 48 мемлекеттік, 40 - мемлекеттің басқарумен.

Бүгінгі күнге жалпы республикалық жалпы өнеркәсіп өнімдерінің 5 пайызын Алматы қаласы өндіреді.

Алматы қаласы кәсіпкерлік қызметі дамыған аумақ болып есептеледі. Орта есеппен әр 1000 тұрғынға 21 кәсіпорыннан, республика бойынша 5,5 тиеді.



Өнеркәсіп өнімдерінің көлемі барлығы, млрд. теңге	94,5	105,8	119,6	137,3	155,2	111,9	123,5
Оның ішінде:							
Өңдеу өнеркәсібі	84,4	96,8	109,7	126,75	143,9	114,7	125,3
Электр энергиясы, газ және су өндірісі және тарату	10,1	8,9	9,9	10,5	11,3	88,3	104,5
Қаржыландырудың барлық көздері есебінен негізгі капиталға құйылатын инвестициялар, млрд. теңге	114,8	131,7*	144,6*	160,6*	179,9*	106,2	136,6
Оның ішінде қаражаттар есебінен: -республикалық бюджеттен	2,3	2,5	4,9	8,7	15,7	100,6	6,3 есе
-жергілікті бюджеттен	6,9	8,1	8,1	9,7	9,9	108,7	122,2
-кәсіпорындар мен ұйымдардан	102,5	117,4	126,9	137,2	149,0	106,0	126,9
- шет ел инвесторларынан	3,1	3,7	4,7	5,0	5,3	110,5	143,2
Қаржыландырудың барлық көздері есебінен тұрғын үйлерді пайдалануға беру, мың ш.м.	240,8	264,3	288	312	335	109,8	126,7
Экономикалық белсенді халық, мың адам	556,0	581,7	585,7	591,1	594,0	104,8	101,9
Экономика саласында айналысатындары, мың адам	496,1	526,4	533,7	540,8	547,0	106,1	103,9
Жұмыссыздар саны, мың адам	59,9	55,4	52,0	50,2	47,5	92,4	85,7
Экономикалық белсенді халыққа шаққандағы жұмыссыздық деңгейі, %	11,4	9,5	9,4	9,2	9,0	-	-
Орташа айлық жалақы құны, мың теңге	21421	25705	31000	37230	44136	120,0	171,7
Өткен жылғымен салыстырғандағы нақты жалақының индексі, %	115,8	113,6	133,9	133,9	113,6	-	-
Кедейшілік шегінің өлшемі, теңге	1891	2076	2193	2310	2445	106,6	117,7
Кедейшілік шегінен төмен тұлғалар саны, мың адам	21,7	24,0	25,0	26,0	26,7	110,6	111,3
Жергілікті бюджеттен әлеуметтік көмек және	1293,3	1888,9	2379,6	2655,4	2924,1	146,1	154,8

әлеуметтік қамсыздандыру шығын-дары, млн. теңге								
Бюджетке түсетін түсімдер, млрд. теңге	127,1	121,6	124,5	128,6	132,1	95,7	108,6	

\*-2002 жылдың бағасымен

## Өнеркәсіп

**Талдау.** Өнеркәсіп секторында ілгерілеушілік қарқын байқалады, мұның себебі кәсіпорындарды мемлекеттік және аймақтық қолдау шаралары болып табылады, осы шараларда негізінде салыққа, кеденге жеңілдік беру жолдары қарастырылған, импорттарды алмастыру, өндірістерді жаңарту, әлемдік деңгейде сапаны жүйесін енгізу.

Өнеркәсіп өнімдерін шығару үстіміздегі жылдың соңында 105,8 млрд. теңгеге жетті немесе 2001 жылмен салыстырғанда **12%** өсе түсті.

Өңдеу өнеркәсібіндегі жалпы көлем 91% құрады. (35,8- тағам өнеркәсібіне, 10,5 электр және электронды өндіру жабдықтарына, 10,2 қағаз және баспа ісі, 9,5 металлургия және оны өңдеу, 7,7 көлік қызметі, 8,4 барлық шығарылатын өнімнің электрге, газға және су пайдаланудың үлесіне тиеді).

Үстіміздегі жылы өңдеу өнеркәсібінде 14,7 пайызға өскен.

Тоқыма және тігін өнеркәсібінің өндірісі 2 есеге өскен, резеңке мен пластмасса бұйымдары 50 пайызға, көлік жабдықтары 48,9, химия 23, машина мен жабдықтар 14,1, тағам өнімі 10,9 пайызға арта түседі.

Жыл аяғында өсімдік майының өндіріс қарқыны 103,8%, сары май өнімі 296,1%, нан 105,7%, кондитер бұйымдары мен шоколад және қант 151 %, ашытқы 108,1%, мақта-мата өндірісі (3,7 есе), бояулар 143,2%, дәрі-дәрмек 116,7%, кірпіш өндірісі 110%, тауар бетоны 103,1% арта түсті.

Өнеркәсіпті дамытудың және оны тұрақтандырудың негізгі басты себебі инвестицияны тарту және шетелдік және ішкі капиталды кеңейту, жаңа технологияларды енгізу.

**"Іскер" АҚ** аясында жаңа "Камаз" автомобилінің бөлшектерін жинауда жаңа ерекше өндіріс іске қосылды. Үстіміздегі жылы 350 автомобиль шығарылады, 2001 жылға қарағанда 114 дана болған. "Камаз" тұрғысында коммуналдық шаруашылыққа қажетті қоқыс шығаруға контейнерлер шығарумен шұғылданады. Оған қоса 15 тонна сыйымдылықтағы қоқыс шығару қолға алынады.

**"АЗТМ-ЧЛЦ"** ЖШС үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында локомотивтер үшін тежеуіштерді шығаруда. Құбыр жапқыштары меңгерілген (жер асты құбырлары үшін, су өткізгіштер мен телефондарға арналған), көркемдік шарбақтар (10 түрі) орындықтар мен қоқыс салғыштар. Үстіміздегі жылдың 2

тоқсанында құны 350 мың теңге қалып құюшы машина шығарылады. Кәсіпорын жаңа тапсырыс берушілерді іздестіруде. Қазір Талдықорғандағы электрлі су насос зауыты мен "Жасыл желек" ААҚ Атырау қаласында жалпы сомасы 1450 млн. теңге. "Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ шөген құймаларына 6.0 млн. теңге т ұ р а д ы .

**2002 жылы "Кастинг" ЖШС** мыс қорыту зауытының қуаттылығын 36 тоннаға ұлғайтуды көздеуде. Тұрақты болат құю торабы іске қосылмақ. Шығарылатын өнімнің түрлері кеңеюде, оның көлемі 2 еседей артпақ.

**"ЫРЫСТЫ-АЭВРЗ" ААҚ** қазіргі уақытта теңдесі жоқ жылу ұстайтын қаптама шыны өндірісін шығаруды қолға алады. (жолаушылар вагондарында жылу ұстағыш материал ретінде қолданылады). Бұл Қазақстан үшін жаңа өндіріс саласы. Ресейде мұндай өндіріс жоқ. 30 жұмыс орны құрылды.

**"Асфальтбетон" ЖАҚ** жаңа асфальт төсегіш зауытына жабдықтар қондырылмақ. Немістің "Бенингхолфен" бағдарламалық басқару зауытының қуаттылығы сағатына 160 тонна.

**"Темірбетон" ААҚ** үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында жол әшекейлі плиткаларды шығарады. Жол жиегін безендіретін жаңа өнім түрлері шығарылатын болады. Кәсіпорын жеңіл жол төсегіштер шығаруды көздеуде.

**"Маргарин зауыты" АҚ** жыл басынан бастап сары май өндірісін шығаруды игерді. Жобалық қуаттылығы сағатына 4 тонна өнім өндіреді.

**"Алматы ашытқы зауыты" АҚ** технологиялық жабдықтарды алуды және орнатуды көздейді (қондырғы автоматтары) технологиялық процестерді компьютерлік басқаруға ауыстырады.

**"Бахус" ААҚ** 2001 жылы ішімдіксіз өнім шығару қондырғысын орнатқан. Осының салдарынан үстіміздегі жылы шығарылатын өнімнің түрлері ұлғайтылды. Қазір осы өнімдердің қапталу сапасы да жоғарылады.

**"Сусындар" АҚ** сыра шығаруда жаңа ашытқы жолдарын тапқан. Негізгі өнімнің маусымдылығын ескере отырып басқа уақытта өндірісті тоқтатпау тұрғысында ұн шығару үшін астық сатып алатын болады.

**№ 1 "Сыра зауыты"** үстіміздегі жылдың соңына дейін неміс технологиясы бойынша сыра шығаруды меңгеруде.

**"Ақ-Нар компаниясы" ЖШС** 2002 жылдың соңында жылына 3 млн. АҚШ доллары өнімін шығаруға көздеуде. Бұл сыра шығаруды 22 пайызға асырмақ.

**Алматы шай" ЖШС-нің** еркін алаңдарында алғашқы жылы мұнда мамандарды даярлау, жабдықтарды әзірлеу жұмыстары жүргізілді. Жыл аяғында 250-грамдық алғашқы шай өнім шығарылады.

**"Агропродукт ЮГ" ЖШС** айран, қою айран, қатық түрлерін шығарады. Үстіміздегі жылы осы тұрғыда салалас кәсіпорын құрылған. Мұнда ұзақ сақтауға қолайлы сүт тағамдары шығарылады. Бұл тұрғыда 1,0 млн. АҚШ долларының

жабдығы алынған. Сағатына 5 мың пакет шығарады. Жыл басынан бері 17 жұмыс орны құрылған.

**"Жетісу" ААҚ** 2002 жыл аяғына дейін: ерлердің аяқ киімдері мен балалардың спорт аяқ киімдерін шығаратын болады. Әйелдер мен ерлердің қысқы жылы киімдері шығарылады. Еркін өндірістік алаңдарды пайдалана отырып 2002 жылы 100 орны ашылмақ.

**"Түскиіз" фабрикасы** шығарылатын өнімнің сапасын арттыру және оған әдемілік беруде жаңа жабдықтар қолданатын болады.

**"Алматы кілем" АҚ** жұмыс істеуге жайлы жағдай жасауда. Бұл кәсіпорындар өндіріс көлемін арттыра отырып 4-метрлік кілем шығармақ.

Үстіміздегі жылы қалада жаңа 15 өндірістік кәсіпорындар жартылай ет өнімдерін өндіруді, жылдам әзірленетін макарон өнімдерін шығару, шайды орау және басқа 179 орны ашылмақ.

Жұмыс істеп тұрған кәсіпорында, жыл басынан бері 849 жұмыс орны қалпына келтірілген, жыл аяғына дейін 1350 жұмыс орны ашылады.

Қаланың бірнеше кәсіпорындары республикалық импортты алмастыру бағдарламасына қатысуда. Осы бағдарламаға қатысушылар өндірісті қарқындатып, адамдарды жұмысқа тартып, әлеуметтік мәселелерді шешіп қарқынды жұмыс атқармақ. Қаланың өндірістік кәсіпорындары 1325,4 млн. теңгеге шартқа отырған. "Қазақстан Темір жолы" РМК қала кәсіпорындарымен 582,4 млн. теңгеге шартқа отырған. "Қазкөлікойл" ҰАК-118,4 млн. теңге, "Донской ГОК" ААҚ-112,2 млн. теңгеге шартқа отырған. Үстіміздегі жылдың төрт айында қалалық кәсіпорындар импортты алмастыруда 465,3 млн. теңгеге өнім шығарған.

Көптеген қала кәсіпорындары әлемдік деңгейдегі ИСО 9000, 9001 деңгейде болады.

Қазақстанда ұшақ техникаларын жөндеуге лицензиясы бар кәсіпорын **"405 ұшақ жөндеу зауыты" ААҚ**. Жөндеу кәсіпорнының сертификаты бар. ҚР Қорғаныс өнеркәсібі комитетінің МИ-8 тік ұшағын жөндеуге лицензия алған.

**"Белкамит" ААҚ** - Республикадағы АСМЕ сапа сертификатын алған жалғыз кәсіпорын. Оған қоса ИСО 9001 сертификаты да бар. АСМЕ кодтар талаптарына сәйкес қысыммен жұмыс істейтін түтікшелер шығаруға Американдық Инженерлер қауымдастығының сертификатын алған.

**2003-2005 жылдардағы болашақтар.** 2003-2005 жылдардың өнеркәсіп саласындағы басты мақсаты ішкі және сыртқы нарыққа сай бәсекелестік өніммен толтыру болып табылады. Орта және шағын кәсіпкерлікті дамытып әріптестік қарым-қатынастарды дамыту қолға алынбақ.

Негізгі міндет республика ішінде әріптестік байланыстарды дамыта отырып, өнімнің сапасын арттыру, инновациялық қызметті өркендету

әлеуметтік-экономикалық дамуға ғылыми күш қуатты қосып жұмылдыру. Өндірістік технологиялық парктерді құру, өңдеу кәсіпорындары арасында қожалық шаруашылықты да дамыту.

2005 жылдың соңында Алматы қаласында өндіріс кәсіпорнының көлемі 155,2 млрд. теңге құрайды немесе 2002 жылға қарағанда 23,5 пайыз көп.

Өңдеу өнеркәсібінің саласы бойынша өндірістік және өндірістік емес тауарларды өңдеу 92,7 ден 91 пайызға 2002 жылға қарсы қойғанда.

Машина жасау кешені өзінің саласын сақтайды. Ішкі жағдайды оңдап алып сыртқа бәсеке болатын тауарларды шығару көзделуде. Еліміздің экономикасын көтеруде оған қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету. Кепілдік қызмет көрсету, экспорт мүмкіншілігін арттыру. 2003-2005 жылдары қолда бар кәсіпорындарды қайта жабдықтап іске қосу. Осының нәтижесінде машина мен жабдықтар өндірісі 2002 жылмен салыстырғанда 30 пайызға арта түспек.

**"Белкамит" БК** өнім өндіру қарқынын 5 пайызға көтермек. Жылу беру 3 фаздық сеператорлар шығару, ірі автоклавтар шығармақ, мекемелер үшін жабдықтар шығаратын болады. Оған қоса кәсіпорын импортты алмастыру ж о л ы м е н ж ұ м ы с а т қ а р а д ы .

**"Массагет -Плюс" АҚ** "Қазақстан Темір жолы" РМК арналған қосалқы бөлшек шығарады, тау-кен өндірісіне арналған жабдықтарды да шығарады.

**"Машина жасау зауыты" ААҚ** өндірісі 2003-2005 жылдары кәсіпорынды қайта көтеретін болады. Негізінен өзінің басты өнімін шығару қарқынын арттырып, жаңа үлгідегі жабдықтарды шығаруды көздейді. Бұл темір жол саласы үшін жабдықтар, мұнай саласы мен өңдеуші салаға арнап насостар мен қорғаушы клапандар шығарады. Оның 4р 100-16 және СППК 4р 50-16, бұрғылау скважиналары мен насостар шығарады.

**"Массагет" ААҚ** тау-кен шахта жабдықтарын шығаратын болады, сұраным тапсырысына сай өнім шығаруды қолға алады. Тұтынушылардың талабын о р ы н д а й д ы .

**"Сайман" ЖАҚ** 2005 жылы жаңа қуаттылыққа шығатын болады. 120 мың электр есептеуші құралдарын шығару көздеуде. 10 мың дана трансформатор 10 мың дана су есептегіш құрал шығаратын болады.

**"Андра" ЖШС** 2003 жылы лом мен басқа түрлі-түсті металдарды өңдейтін болады. ( т а п с ы р ы с б о й ы н ш а )

**Көлік жабдықтарының өндірісі 90,7 пайызға** аса түспек. Вагондарды құрастыру, оларды бояуға және басқа жұмыстарды атқаруға байланысты Алматы вагон жөндеу зауыты 2005 жылы өндіріс көлемін 192,5 пайызға көтермек.

**2003-2005 жылдары "Искер-ГАЗ" ААҚ БК** автомобильдерді шығаруды көздеуде. Кәсіпорын жеке тапсырыстар бойынша автодүкендер, автошеберханалар, ауыл шаруашылық автомобильдерінің шағандарын шығару



к ө з д е л у д е .

**"Искер" ААҚ** 2003 жылы КамАЗ автомашиналарына контейнерлі жүк тасымалдаушыларды шығаруды қолға алмақ.

**"ЫРЫСТЫ-АЭВРЗ" ААҚ** 2005 жылдың соңында өнімін 15,8 пайызға асырады. Жаңа вагондар шығарып локомотивтерді жөндемек.

**"Кастинг" АҚ** үш жылдың ішінде өнім қарқынын 50 пайызға арттырмақ. Павлодар қаласында болат жабдықтар шығаратын болады.

**"АЗТМ" АҚ** 2003-2005 жылдары импортты алмастырудың арқасында Қазақстан Республикасындағы тау-кен өндірісіне жабдықтар шығаратын болады. Металлургиялық салаға домна пешіне арналған жабдықтар мен шиыршықты доңғалақтар шығаратын болады.

**"АХБК тігін компаниясы" ААҚ** негізгі міндеті, бұл 2003-2005 жылы ішкі тұтыну базарларын тұрғындардың қажеттілігін ескере отырып жеңіл өнеркәсіп тауарларымен қамтамасыз ету, дайын өнімдер экспортын дамыта отырып табысты кәсіпорындардың қатарын көбейте түсу. "АХБК" тігін компаниясы ААҚ өнімін кеңейтіп осы тұрғыдағы несиенің есебінен мақта-мата өндірісінің қарқыны екі жарым есе арта түспек.

**"Жетісу" ААҚ** бұрын алынған несие есебінен аяқ киім шығаруды 17 пайызға өсіретін болады.

**"Алматы кілем" АҚ** экспортқа өнім шығаруды арттырады. Қазір Канада, АҚШ, Чехия, Польша, ҚХР және Ресейге дайын өнім шығаратын болады. 2005 жылдың соңында экспорттық жеткізіп салу 7 пайызға артатын болады.

Тағам өнеркәсібі кең қарқын алады. 2005 жылы импортты алмастыру көзделуде. Орта және шағын кәсіпорындарды дамытып тағам шығару 23,6 пайызға өседі. Шұжық өнімі (113,7 пайыз), сары май (121,3), макорон бұйымдары (169,9), майонез (116,3), ішімдіксіз сусындар (154,5), арақ (121,8 пайыз) және басқалар.

**"Алматы макорон фабрикасы" ААҚ** ұзақ мерзімді несие алуда (2002 жылдың соңы) Австриялық компания "БУЛЕР" қысқа мерзімде сағатына 600 кг/сағ, өнімділікке қол жеткізбек. 2005 жылы көлем 28 пайызға өседі.

**"Алматы ашытқы зауыты" АҚ** 2003 жылы ашытқы өсімдік бөлімшесін ашатын болады. Оны қайта жабдықтау 2006 жылы көзделген.

**"Вита" ЖШС** ( өсімдік майын өндіру) жаңа өнімді өндіруді дамыта түспек. Оның өнімі елімізде ғана емес одан тысқары таныс. Сапалық қалыпқа сай кәсіпорын өнімі жаңа жабдықтармен жабдықталған. 2005 жылдың соңында 51,3 пайызға көтереді.

**"Ақ-Нар" ЖШС** 2003-2005 жылдары сыра шығаруда неміс технологиясын қолданатын болады. Өнім өндіру 6 есеге көтерілетін болады. Көрсеткішін бір қалыпқа келтірді.

Химия өнеркәсібінде басым дамушылық иісмай өнімдерін шығару болып табылады, негізінен **"Глобал Фарм" ЖШС БК** аясында дәрі дәрмек шығару көзделуде. Сонымен бірге корейлік жабдықтар орнатылып, тұрғындарға қызмет көрсетіледі. 2005 жылы кәсіпорын күніне 500,0 мың таблеткалар шығаратын болады.

**"Евротек индастриз" ЖАҚ** шығаратын өнімнің түрлілігін кеңейтіп жергілікті нарыққа сай өнім шығаруды меңгеретін болады. Өнім өндіру көлемін 18 пайызға өсіреді.

Болашақта кәсіпорындарда құрылыс материалдарын шығару 2003-2005 жылдары жаңа өнім түрлерін меңгеруден бастайды. Осының нәтижесінде 2005 жылы өнеркәсіп өнімі 5180 млн. теңгеге немесе 2002 жылға қарағанда 19,6 пайызға көтеріледі. Осы салаға 504 млн. теңге күрделі салым салынады, оның 74 пайызы кәсіпорын мен ұйымның жеке қаражатын құрайды.

**"Құрылыс материалдары"** ААҚ жаңа өнім түрлерін меңгеруді арттыру есебінен жылуға төзімді материалдардың сапасын бұрынғыдан да арттыра түсуде, төсегіш плиталарды шығару қуаттылығы артып құрғақ қоспаларды шығаратын торап іске қосылмақ.

**"УПТК" ААҚ** 2005 жылы 2002 жылға қарағанда темір бетон құрылыстарын шығаруда 8,3 пайызға арттыра түспек және тауар бетоны 8,9 пайызға өсті, жол тротуар плиталарын салуда өндірістік қуаттылықтар толығымен пайдаланылуда. Көлік және басқа тетіктерді іске қосуда олардың паркін ұлғайтып, тауар бетонын тасымалдауда шығынын азайтып, басқа инертті материалдарды тасымалдау мен оны жинауда жұмыстар атқарылатын болады.

Импортты алмастыру бағдарламасында 2003-2005 жылдары қаланың көптеген кәсіпорындары ат салысатын болады. Бұдан әрі ірі мұнай компанияларымен және металлургиялық зауыттармен ынтымақтастық жалғаса беретін болады. Оған "Өскемен титан магнии комбинаты" ААҚ, "Теңізшевройл" ААҚ, "Харикейн-Құмкөл-Мұнай" ААҚ, Евроазиялық энергетикалық компаниясы мен "Қазцинк" ААҚ кіреді.

### **Ауыл шаруашылығын дамыту**

**Талдау.** Алматы қаласы ауыл шаруашылық аймаққа жатпайды. 2003-2005 жылдарға арналған ауыл шаруашылық дамуының индикативтік жоспары қалаға оның маңындағы аймақтардың қосылуы ескерілген. Алматы қаласындағы жеке секторлар мен саяжайлар алынған. Ауыл шаруашылық кәсіпорындарының жұмысы мен орналасулары ескерілген.

Республикалық өнім шығарудағы үлесі (0,02 пайыз). 2001 жылдың 1 қаңтарының жағдайы бойынша қосылған аудандардың есебінен әртүрлі 18

кожалық шаруашылықтар бар, онда 73 адам қызмет етеді. Бұған қоса тұрғындардың қатарынан өз бетінше, өз еркімен 500 адам әртүрлі салаларды дамыта түсуде.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша қаланың ауыл шаруашылық қызметкерлері 500 млн. теңгеге өнім берді, осылардың 92% бау-бақша, 8% ауыл шаруашылығы. 2000 жылы 746 мың центнер көкөніс, 7,5 мың дәнді дақылдар өндірілді. 274 центнер май өнімдері, 357 тонна құс еті, 6 млн. дана жұмыртқа өндірілді. Бұған қоса тері өнімін айта кету орынды.

**2003-2005 жылдардағы болжамдар.** Ауыл шаруашылық өндірісінде көп өзгерістер болмайды. Оның өнімінің құны 2005 жылы 642,8 млрд. теңге болып, 2002 жылға қарағанда 27% артады. Негізгі өнім көлемі кожалық шаруашылықтар мен қала маңындағы жеке шаруашылық жүргізушілерге келеді.

Малға байланысты өнім шығару жеке шаруашылыққа байланысты. Мәселен "Монтажник" АҚ құс фабрикасы құрылған. Құс саны (38569), бұл қаладағы шығарылатын өнімнің 80 пайызын құрайды.

### **Сауда**

**Талдау.** Алматы қаласының республикалық көлемде бөлшек сауда айналымы 2001 жылдың қорытындысы бойынша 38,4 пайыз құрайды. Бұл тұрғыда тауар айналымы 261,3 млрд. теңге құрайды және 2000 жылға қарағанда 10,7 пайызға өскен. Тауар айналымының қарқыны мемлекеттік емес меншіктегілер үлесіне тиеді. Негізгі айналым базар арқылы 75,3 пайыз, қалғаны сауда кәсіпорындары орындайды.

Алматы қаласының аумағында 2002 жылдың 1 қаңтарында статистік ақпарат бойынша 98 базар бар, олардың 20- мүліктік, 64-аралас, 11 ауылшаруашылық, 3 көтерме сауда жәрмеңкесі. Осы базарларда 29 мың сауда орындары бар.

Оған қоса 1011 дүңгіршіктер бар. Қаланың базарларын жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Осы мақсатқа 2001 жылы 26,6 млн. теңге жұмсалған.

Тауар айналымы 2001 жылы 351,1 млрд. теңге құраған. 2000 жылға қарағанда 104 пайыз көп. Көтерме сауда негізінен шағын (67,4) және орта (32,1 пайыз) құрайды.

Алматы қаласына еліміз бойынша қоғамдық тамақтандыру өнімі 26,9 пайыз құрайды. Қалада 321 кәсіпорын бар, оның қарқыны 2001 жылы 3,6 млрд. құрайды.

**2003-2005 жылдардағы болашақтар.** Сауда саясатындағы басымдылық жақындағы 3 жылда қаланың кәсіпорындарында бәсекелестікті арттыру болып табылады. Жоғары дәрежеде өнім шығару және оның сату-саудалау наукандылығын арттыру.

Қаланың базарларында бөлшек сауда айналымы тасқын алған. 2004 жылы 630 кеңейтілмек. "Ботагөз" ЖШС кәсіпорны 3 қабатты сауда алаңын 9,8 мың шаршы

м е т р д і

а л а д ы .

Қаланың келбетін өзгерту қолға алынады. 2001 жылдың қорытындысы бойынша Алматы қаласында 1011 дүңгіршіктер 2004 жылдың соңында үй жайларға көшірілетін болады.

Алматы қаласының даму бас жоспарында базарлар мен сауда орындарын оңтайландыру жоспарлануда. 2005 жылы сауда айналымы 319,8 млрд. теңгеге көтеріледі. 2002 жылы өсу көлемі 16 пайыз болса, ірі және орта кәсіпорындардың сауда айналымы бір жарым есеге артады.

### **Алматы қаласының сыртқы экономикалық қызметі**

**Талдау.** Алматы қаласы 2001 жылы 137 әлем елдерімен сыртқы экономикалық байланысын жалғастыра түскен. Осы жылдан бері сыртқы экономикалық тауар айналымы 2,5 млрд. АҚШ долларын құрап, бұл 2000 жылға қарағанда 22,4% құрайды. Негізінен достастық елдер тұтынушылар болып табылады. Олардың үлесі 47,3 пайыз, еуропалық елдер 27,7 пайыз, азия елдері 18,5 пайыз. ТМД елдерінен негізгі жеткізіп беруші Ресей болып келеді.

**Экспорттың үлесі жалпы айналымы** 2001 жылы 698,3 млн. АҚШ долларын құрайды, немесе 92,5 пайыз 2000 жылмен салыстырғанда. Негізгі тұтынушы Ресей мен Украина 9,5%, Швейцария - 13%, Қытай - 12,5%, Біріккен Араб Эмираты 12,3 пайыз құрайды.

**Импорттық жеткізіп берушілік** көлемі осы мерзім аралығында 1805,4 млн. АҚШ долларын құрайды. Бұл 2000 жылға қарағанда 40 пайыз көп. Қала базарын шикізатпен, өнімдермен, тауармен толықтырушы Ресей болып табылады. (43,2 п а й ы з )

2002 жылы сыртқы айналым 2965,7 млн. АҚШ долларын құрайды. Оның импорты 1603,8 млн, АҚШ доллары немесе 54,1 пайыз.

Үстіміздегі жылы экспорт 745,1 млн АҚШ долларын құрайды. Сыртқа елден 1700 мың тонна мұнай шикізаты мен газ конденсаты, 190 мың тонна фосфор, 7,4 тонна күміс, 17,5 мың тонна қалайы, 32 мың тонна ұн, 760 мың тонна астық.

Қаланың өнеркәсіп кәсіпорындары жыл аяғына дейін экспортқа шығаратыны :

- "Ақ-Нар компаниясы" ЖШС Қырғызға 0,9 млн. теңгеге сыра өнімін.
- "Қазақстан текстилайн" ЖШС тоқыма өнімін Швейцарияға 7,7 млн. теңге.
- "Станок жасау зауыты" АҚ сыртқа 10 дана станок.
- "Вита" ААҚ күнбағыс майы Ауғанға және басқаларына 756 тонна.

**2003-2005 жылдардың болашағы.** 2003-2005 жылдары сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін тауар өндірушілер кәсіпкерлермен іскерлік қарым-қатынас орнату үстінде. 2005 жылы сыртқы экономикалық тауар айналымы 4511,7 млн. АҚШ долларын құрайды. Бұл 2002 жылға қарағанда 52,1

п а й ы з

қ ұ р а й д ы .

**Импорт** 2005 жылы 61,0 пайыз құрап 3580 млн. АҚШ долларына жетеді.

**Экспорт** 2005 жылы 931,7 млн АҚШ долларын құрайды және 25 пайызға ө с е д і .

Елден тыс 1438 мың тонна көмір, 5270 мың тонна мұнай шикізаты, 114 мың тонна ұн, 2,25 мың тонна тәтті тағам, 18,4 мың литр шарап жеткізіледі.

Импортқа 203-2005 жылдары әртүрлі бояу өнімдерін "Әйгерім" ЖШС (жылтыр бояу өнімдері), "Папирус" ЖШС БК (қағаз өнімі), "Алматы кілем" АҚ (кілем және кілем өнімдері), "Сайман" ЖАҚ (электр өнімдері, су есептегіш өнімдері БАЭ, Иран, Өзбекстан тапсырысы бойынша), "Ырысты-АЭВРЗ" ААҚ (Қырғызстан тапсырысы бойынша вагондарды жөндеу) және басқа да кәсіпорындардың өнімдері шығарылатын болады.

### **Көлік және байланыс**

**Талдау.** Қала тұрғындарына көлік қызметінің жолсызбасы әзірленген. Көлік құралдарының ақпараттық аясы құрылуда.

2001 жылы жолаушыларды тасымалдаудағы көлік құралдары толығымен жаңару үстінде. 2001 жылы 174 автобустар 23 троллейбустар толықтырылды. 16 шақырым жол қатынас сымдары алмастырылды.

Көлік құралдарының қаржы қызметі әлі де тоқыраушылықта. Оның 40 пайызы ғана оң үлгіде. Табыстан бұрын шығын көбею үстінде.

Қала көлігінің тиімді жұмыс істеуіне 8 автопарк сенімді басқаруға берілген.

2001 жылы көлік кәсіпорындары 5147,7 мың тонна жүк тасымалдаған. Көлікпен жүк тасымалдау өндіріс көлемінің артқандығын білдіреді, сондықтан жолдарды жөндеуге қалада бірнеше компаниялар қатысатын болады.

Жолаушыларды тасымалдау 1820,11 млн. адамға жетті.

2001 жылы "Air Kazakhstan" басқа әуежайға қарағанда 8,3 есе жолаушылар тасымалданған, 504,2 мың жолаушылар құрайды.

Қала бойынша жолаушыларды тасымалдау 3899,2 млн. жолаушы шақырым болып, көлік айналымы 2001 жылы 8029,8 млн. шақырымға жетті.

**Телекоммуникацияны дамыту саласында** АТС-33, 74/75, 76/77, ТС-4,3, АТСЭ "Дорожник" шағын ауданында, 13 әскери қалашықта, "Пятилетка Түркісібтегі" елді-мекенінде осылардың құрылысы жүргізіліп, жаңара түсті.

Жыл басынан бері 14 мың телефон қондырылған, таксофондар саны 1266 бірлікке жеткізілді.

2001 жылы 13634,0 млн. теңге сомасына қызмет көрсетілді.

**2003-2005 жылдардың болашағы.** Әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін анықтау кезінде 2001 жылдың макроэкономикалық болжамы бойынша көрсеткіштерге қол жеткізілді.

2005 жылы көлік бойынша жоспар көрсеткіші қаланың көлік кәсіпорындары мен ұйымдарының ниет негізінде көлік және әуе көлігі бойынша құрылған болатын.

Жақын үш жылдың ішінде жолсызбаларды оңтайландыруды жүргізу және диспетчерлік жолаушыларды тасымалдау енгізілген. Қаланы көріктендіру жұмыстары жалғасады. 2002 жылы 65 шақырым желілер мен 22 шақырым трамвай жолдары тартылатын болады. Көліктегі мәдениетті қызмет көрсету одан да жоғары болады. Жүк тасымалдаушылардың ақпараттық көрсеткіштері мен көлік тасқынының қауымдастықтары құрылатын болады.

Жүктерді тасымалдау 2005 жылы 7079,2 мың тонна, 2002 жылмен салыстырғанда 29,6 пайыз.

Жолаушыларды тасымалдау 248,666 млн. адам (немесе 120,74 пайыз 2002 жылмен салыстырғанда).

2005 жылы жолаушыларды тасымалдау негізінен жастар арқылы жүзеге асырылатын болады.

Өз кезегінде "Air Kazakhstan" әуе жолымен тасымалдауда жақсы көрсеткіштерге қол жеткізілген болатын. Қазір компания техникалық жағынан жаңару үстінде. Батыстан заман талабына сай ұшақтарды алуға жағдай жасауда. 2005 жылы болжам бойынша 607 мың жолаушыларды тасымалдау көзделуде.

2005 жылғы жолаушыларды тасымалдау айналымы 4547,6 млн. жолаушы/сағат немесе 119,9 пайыз 2002 жылмен салыстырғанда. Автомобиль көлігі 1393,4 млн. жолаушы/сағат, әуе қатынасы 1761,2 млн. жолаушы/сағат оның ішінде "Air Kazakhstan" әуе жолымен 1549,0 млн. жолаушы/сағат.

**Тұрғындарға байланыс қызметін жүзеге асыру.** 2005 жылдың болжамы бойынша тұрғындарға 16416,2 млн. теңгеге қызмет көрсету көзделуде. (2000 жылға қарағанда 113,1 пайыз)

Тұрғындарға қызмет көрсетуде негізінен телефон аппараттарын орналастыру негізделген. 2005 жылы болжам 348,6 мың дана немесе 108,2 пайыз 2002 жылға қарағанда.

### **Инвестициялық сала**

**Талдау.** Алматы қаласында 2001 жылы негізгі капиталға инвестиция көлемі 114,8 млрд. теңге құрайды.

2001 жылы қаржыландыру шығыны кәсіпорындар мен ұйымдардың қаражаты бойынша жалпы көлемнің 89,5% құрайды. Бюджетті қаржыландыру үлесі 8,0%, шетелдік инвесторлық 2,7% құрайды.

Күрделі құрылыс құрылымында инвестицияның басымдылығы өңдеу өнеркәсібі, көлік және байланыс, сауда болып табылады. Оған қоса инвестицияның негізгі бөлігі жылжымайтын мүлікке байланысты қызметтерге

және электр тоғын, газ бен суды бөлуге жұмсалады.

Күрделі құрылыста ірі және орта кәсіпкерлікке 24,2 млн. теңге өтелген. 2001 жылы жергілікті бюджеттен қаржыландыру көлемі әлеуметтік салаға жіберілетін болады. Жергілікті бюджеттен күрделі құрылысқа 1996 жылы 0,7 пайыз, 1999 жылы 2,1 пайыз, 2000 жылы 7,4 пайыз құрайды. Өткен жылы бұл көрсеткіш 22,3 п а й ы з қ ұ р а й д ы .

Жергілікті бюджет есебінен Майлин мен Бекмаханов көшелерінің түйісіндегі жолдағы көлік таралымы мен Саин даңғылы мен Райымбек даңғылының түйісіндегі жол қозғалысы ретке келтірілетін болады. Тірек қимыл ағзасында ақауы бар балаларға арналған мектеп-интернатының құрылысы жүзеге асырылады. "Шаңырақ" шағын ауданында "Ақбұлақ" елді-мекенінде "Жетісу-2" шағын ауданында барлығы жалпы 3152 орындық мектеп құрылысы іске қосылатын болады. 2001 жылы "Мамырда" 350 орындық әлеуметтік үй мен 74-пәтерлік зейнеткерлерге арналған әлеуметтік үй пайдалануға берілген.

2001 жылы инвестицияны мына кәсіпорындар мен ұйымдар меңгерген:

- "Қазақстан темір жолы" РМК 990,7 млн. теңге ("Алматы-1" станциясында вагон депосы жөнделген, пайдалануға объектінің арқасында жылына 500 жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады).

- "Қазақтелеком" ААҚ ДСТИ-3391,4 млн. теңге(жүйелер құрылысы, спутник б а й л а н ы с ы н е н г і з у ) .

- "Алматытелеком" ААҚ ГЦТ-1935,6 млн.теңге (1000 нөмірге АТС кеңейтілген, жабдықтар алынған).

- "Орталық теннис клубы" ЖШС 712,5 млн. теңге (спорт кешені пайдалануға берілген, ол әлемдік қалыпқа сай келеді және теннис корты бойынша Орта А з и я д а т е ң д е с і ж о қ ) .

- "АПК" ЖАҚ -618,1 млн. теңге (жоғары вольтті электр желісінің құрылысы және жылу магистралінің құрылысы).

- "Әл-Фараби" ЖШС 419,9 млн. теңге (Орталық киім-кешек базарындағы с а у д а о р н ы ) .

"Alan ' s Invest Company" ЖШС БК 157,3 млн. теңге (отбасылық парк пен к а р т и н г о р т а л ы ғ ы ) .

- "SILK WAY" ЖАҚ -325,0 млн. теңге (Медеу ауданындағы іскерлік, мәдени, с а у д а о р т а л ы ғ ы )

Қаланың кәсіпорындары әртүрлі қаржыландыру көздерінен өндірістік объектілерді тұрғызған: "Алматы сыра зауыты" ААҚ-ашытқы цехын жабдықтау, "Динал" ЖШС-сыра шығару орнын жабдықтау, "Алматы маргарин зауыты"-сары май орнын жабдықтау, "Беккер және К" БК-шұжық цехы, "Компания Маолин" - қағаз цехы, "Кастинг" ЖШС- мыс балқыту цехын жабдықтау, "ВИТА"

ААҚ майонез шығару цехын жаңарту, "Каспиан Индастриес" ЖШС су құятын ыдыстарды шығару және басқалар).

Тұрғын үй құрылысына барлық қаржыландыру көздерінен 4,6 млрд. теңге жұмсалған. Пайдалануға 240,8 мың шаршы метр тұрғын үй берілген (1640 пәтер), бұл өткен жылмен салыстырғанда 10,8 пайыз көп. Алматы қаласының еліміздің жалпы ортақ үлесі 16,1 пайыз болып табылады.

2002 жылы заңды және жеке тұлғалардың негізгі капиталына 131,7 млрд. теңге бағытталады, бұл 106,2 пайызды 2001 жылға қарағанда құрайды.

Инвестицияны тартқанда өңдеу өнеркәсібіне, көлікке, байланысқа, саудаға, жылжитын және жылжымайтын мүлікке, электр энергиясын, газ бен суды өндіруге жұмсалады.

Жеке қаражат есебінен кәсіпорындар мен ұйымдардың Төле би мен Байзақовтың түйісіндегі Сауда орталығының, Абай даңғылы мен Әуезов көшесінің түйісіндегі мейрамхана ойынхана, "1 Алматы сыра зауыты" ААҚ ашытқы цехы, Жібек жолы мен Қонаев көшелерінің қиылысындағы мәдени-сауда орталығы салынып іске қосылатын болады.

Жергілікті бюджет есебінен инвестиция тартумен "Медеу" тау шатқалы кешенінің қайта жөндеуден өтетін болады.

Шетелдік инвестиция есебінен 2002 жылы Alan 's Invest Company" ЖШС БК картинг орталығын, "Әл-Фараби" ЖШС Орталық киім-кешек базарының 1-кезегін іске қосатын болады.

2002 жылы Алматы қаласы әуежайының терминалы іске қосылатын болады. Халықаралық және жергілікті әуежайдың тәуліктік қызметін жүзеге асыратын болады. Жолаушыларға қызмет көрсету Қазақстан Республикасы белгілеген заңнамаларға сай талаптар бойынша шешілген. Терминалдың жалпы қызмет аясы сағатына 1300 жолаушы.

Қалада үстіміздегі жылы "Сумен жабдықтау жүйесін жаңарту және қайта жабдықтау" жобасы бойынша Франция Үкіметінің ішкі заимы бойынша жүзеге асырылатын болады. "Қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару" жобасы шеңберінде Еуропалық қайта жабдықтау және даму банкінің желісімен қаржыландырылады. Сондай-ақ Алматы қаласы әкімшілігінің жоспарында "Нұрлы-Тау" тұрғын үй кешенін тұрғызу жоспарлануда. Ерекше тартымды жайлардың құрылысында тұрғын үй, мейрамхана, офистер бой түзейді. Шағын аудан Әл-Фараби даңғылынан Республика алаңына жалғасып жатады. Зәулім үйлердің бірінші қабаттары дүкендер мен кафе, мейрамхана, орта және шағын кәсіпкерлікке берілетін болады.

Жергілікті бюджет есебінен "Думан" шағын ауданында 1200 орындық мектеп және тірек қимыл ағзасында ақауы бар балаларға арналған "Алмагүл" шағын



ауданында 144 орындық мектеп-интернаты іске қосылатын болады. Көріктендіру объектілерінің құрылысына 3,0 млрд теңге жұмсалатын болады.

Алматы қаласының бас жоспарына қаланы таза ұстау жұмыстарына Кіші Алматы өзені, Есентай (Весновка) және үлкен Алматы өзені кіреді. Осы ауданда 2000 жылы "Нұрсұлтан" дендропаркінің құрылысы басталды. Осы құрылыс 2003 жылы аяқтау жоспарланып отыр. Оған жергілікті бюджеттен 1 млрд теңге жұмсалды.

Соңғы жылдары әлеуметтік салаға қаржы тасқыны жұмсалатын болады. Дегенмен әлі де қосымша қаражат республикалық бюджеттен келіп түспек. Оған ғимараттарды жер сілкінісіне қарсы күшейту, қаланың мәдени-тарихи ескерткіштерін күтіп ұстау, жалпылама жеке құрылыста инженерлік коммуникациялар салынады. Бұған республикалық бюджеттен қаражат жұмсалатын болады және қаланың алымы азаятын болады.

**2003-2005 жылдардың болашағы.** 2003 жылы негізгі капиталға 144,6 млрд теңге бағытталатын болады. 2004 жылы осы сома 160,9 млрд теңге және 2005 жылы 179,9 млрд. теңге құрайды (2002 жылдың салыстырмалы бағасы бойынша)

Қаланың өзекті мәселесінің бірі 1988 жылы басталған метрополитен құрылысы. Жыл сайынғы бюджет қаражаты құрылысты жалғастыруға жетпейді. Тек қана оның жамау жұмыстарына жұмсалады. Бірнеше қаржыландыру жолдары қарастырылғандықтан осы жұмыстың қымбатшылығына қарай инвесторлардың шығуы қиынға соғуда.

Құрылыстың қарқынын тоқтатпау жолында республикалық бюджеттен 2003 жылы 1,7 млрд. теңге, 2004 жылы 5,5 млрд. теңге 2005 жылы 12,5 млрд. теңге көзделуі тиіс.

Тұрғындардың тұрмыс жағдайын жақсарту мақсатында және аяқталмаған құрылысты аяқтау мақсатында біршама жұмыстар атқарылуда. Жыл сайын Алматы қаласы Үкімінің аппараты күрделі құрылыс бағдарламасын әзірлеу үстінде, мұнда әртүрлі қаржыландыру есебінен әлеуметтік сала ғимараттарының құрылысын жүргізбек. Аяқталмаған құрылысты коммуналдық меншікке беріп, оны бұдан әрі конкурстық негізде басқа құрылыс жүргізушіге береді. Қаладағы ірі құрылыс жүргізуші "Базис-Корт" ЖШС, "Қуат" ЖАҚ БК, "Элитқұрылысы" ЖШС, "Алматықалақұрылысы" МАК АҚ, "Агрореммашқұрылыс" ЖШС болып табылады. Ең жайлы салынған үйлер көңілді қуанышқа бөлейді.

Атқарылған жұмыстың нәтижесінде қаладағы құрылысы аяқталмаған ғимараттар қатары 946 мың шаршы метрден 1994 жылғы, 2001 жылы 173 мың шаршы метрге жетті. Жыл сайын 2003-2005 жылдары тұрғын үйді іске қосу 288-335 мың шаршы метр құрайды. Осы бағытқа 8-11 млрд.теңге ақша қаражаты жұмсалатын болады. Жергілікті бюджеттен де тұрғын үй құрылысына қаражат

бөлінетін болады. Пәтер алуға және тұрғын үй құрылысын жүргізуге әлеуметтік жағынан қорғалатын бұқара тобына 800 млн. теңге көзделеді.

2003-2005 жылдары кәсіпорындар мен ұйымдардың жеке қаражаты мен шетелдік инвестициялар "Рахат" ААҚ жайларын жөндеуге, "Сауда-қаржы банкі" ААҚ офисін қайта жөндеуге, цехтарды жаңарту, айналым қаржыларын толықтыру "1 Алматы сыра зауыты" ААҚ, "Рамбутя" ЖШС дүкендерін салу, "Әл-Фараби" ЖШС Сауда киім-кешек орталығының құрылысы, "Беккер" БК цехтарын жаңарту, "Тигрохауд" фирмасының сауда орталығының құрылысы.

### **Аймақтық инвестициялық бағдарлама туралы**

Инвестиция қарызға тікелей байланысты, бұл әсіресе мемлекеттік кепілдіктегі жергілікті бюджетке байланысты. Іскерлік заимдарға қарағанда әлеуметтік сала несиесі ешкімді де өзіне тартпайды. Оған жеке инвесторлар бара бермейді, сондықтан оны мемлекет өз қамқорлығына алады.

Алматы қаласында тұрғын үй құрылысынан басқа Алматы қаласының Әкіміне Үкіметтің сыртқы заемынан берілген қаражаты есебінен "Алматы қаласын сумен жабдықтау және су бөлу жүйелерін жарақтандыру және қайта жаңарту" жобасы жүзеге асырылады. Мұның өзі Алматы қаласының сумен жабдықтау және құбырлар жүйесін басқаруды, пайдалануды жақсартуға, барлық өндірістік кешеннің өте ескірген жабдығын жаңартуға, қаланың су құбыры-канализация желілерін қайта жаңартуға, өңдеу тиімділігін көтеруге, қайнатылмаған және ағын суларды залалсыздандыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген несие беру тікелей тұрғыда тиым салынған.

2002 жылдың 1 маусымында Алматы қаласының жергілікті атқарушы ұйымның қарыз көлемі 8,5 млрд, теңге құрайды, бұл жергілікті бюджеттің 20,6 пайызын құрайды, оның лимиті 25 пайыз). Алматы қаласының қарызын өтеуге және оған қызмет көрсетуге 2002 жылы **5490,0 млн. теңге** бұл заңдылықтарға көзделген 10 пайыздық лимиттен 2,6 пайызға көбірек (жергілікті бюджеттің 2002 жылға арналған табыс болжамы 43680,4 млн. теңге құрайды).

Осыған байланысты Алматы қаласының Әкімшілігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Үкіметімен, банкілермен жергілікті атқарушы органдардың несие алу жұмыстарымен белсенді жұмыс атқаруда. Осы жұмыстардың барысында несие келісімдеріне сай заимдар уақтылы төленіп және 2002 жылдың тамызында Алматы қаласы жергілікті атқарушы ұйымның несиесін өтеу қызметі төмендеп жергілікті бюджеттің 10 пайызын құрайды.

Осы жағдай 2002 жылы Алматы аймақтық инвестициялық бағдарламасын (АИБ) бекітуге мүмкіндік береді. Оның құрамында "Тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару" жобасын жүзеге асыру көзделуде.

Алматы қалалық жергілікті атқару органы арқылы мынадай жобаларды жүзеге асыру үшін заем беру жүзеге асырылды: "Абай атындағы опера және балет театрының ғимаратын қайта жаңарту", "Әуежай жолаушылар терминалының құрылысы", "Қалалық көлікті дамыту (МАН автобустары)", "Виртген АГ" жол жөндеу техникаларын алу", "Бошунг Мекатроник Гмб" жол техникаларын алу". Аталған жобалар әлеуметтік маңызды және инфрақұрылымды жақсартуға, қаламыздың тұрғындарына тіршілік етуге қолайлы ортаны қалыптастыруға бағытталған.

### **Шағын кәсіпкерлік**

**Талдау.** Алматыда кәсіпкерлікті дамыту шаралары қолданылуда. Өнеркәсіптік аймақтарды дамыту тұжырымдамасы жүзеге асыруда. Қалалық бизнес-инкубатордың аумағында 400-ден астам адам жұмыс істейді.

Қалалық бюджеттен өнеркәсіптік аймақ аумағындағы кәсіпорындарды дамытуға 18 млн. теңге бөлінді.

Алматы қаласы Әкімінің шешімімен пәтерлерді әртүрлі бизнесті жүргізу үшін қайта жабдықтау жағдайлары оңайлатылды. Үйлердің бірінші қабаттар үшін 18 млрд.-қа жуық теңгенің инвестициясы бөлінді. Жыл сайын қалалық бюджеттен бөлінетін кәсіпкерлердің инвестициялық жобалары бойынша несиелер көлемі ұлғаяды.

Кәсіпкерлерге арналған патенттердің мөлшерлерін есептеуге арналған базалық мөлшерлері азайтылды. Мұның өзі кәсіпкерліктің едәуір бөлігінің жұмысын одан әрі жария етуге, патенттерді сатудан бюджетке 850 млн. теңгенің түсуіне игі ықпал етті. Кәсіпкерлік қызметке лицензия беру мерзімін едәуір азайтты.

Кәсіпкерлерге консультациялық қолдау көрсету, олардың проблемаларын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жедел шешу, "Дөңгелек стол басындағы әңгімелер", конференциялар өткізу, кәсіпкерлікті қолдау бойынша қоғамдық ұйымдардың дамуы жөніндегі жұмыс жанданды.

Шағын кәсіпкерлік бюджетке түсетін едәуір қаржының көзіне, қаладағы жұмыссыздықтың өсуін кідіретін факторға айналып отыр. Кәсіпкерлік саласына 257 мың адам тартылған (бір жолғы талондар, патенттер негізінде жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлерді қоса есептегенде). 2000 жылмен салыстырғанда 9 пайызға өскен.

Шағын кәсіпкерлер қызмет көрсету көлемін 2000 жылмен салыстырғанда 2 есеге өсті, оның ішінде:

- өнеркәсіп өнімдері 2,8 есе;
- сауда 9 пайызға;
- басқа да қызмет түрлері 88 пайызға.

Сонымен, жоғарыда аталған көрсеткіштер осы саланың өндірістік қызметке бірте-бірте бейімделуінің дәлелі болады.

2002 жылдың соңына дейін кәсіпкерлікпен шұғылданушылар қатары 5 пайызға өседі.

**2003-2003 жылдарға арналған перспективалар.** 2003-2005 жылдарға арналған шағын кәсіпкерлікті дамытудың негізгі көрсеткіштері осы саладағы қолайлы бағыттарды баянды ету, шағын бизнестің дамуын кідіртетін кедергілерді жоюдың белгіленген шараларын ескеріп, әзірленді.

Шағын бизнестің инфрақұрылымын дамыту үшін әртүрлі инкубациялық жүйелерді құру жоспарлануда: өнеркәсіптік парк, технологиялар трансфертінің орталығы, маркетингтік зерттеулер орталығы, кәсіпкерлерге әртүрлі қызметтер көрсететін және басқарылатын жұмыс алаңдары.

Бұрынғы темекі комбинатының аумағында жалпы көлемі 40 мың ш.м.-ден астам өнеркәсіптік парк құру жоспарлануда. Онда 100 компания орналаса алады.

Кәсіпкерлікті инновациялық-технологиялық қызметке тарту және одан соң жаңа технологияларды көбейту мақсатында Алматы қаласында технопаркті құру тұжырымдамасын жүзеге асыру басталады.

Бизнес инкубацияны одан әрі дамытудың бір құралы Алматының өнеркәсіптік аймағының "Қабырғаларсыз инкубатор" өндірістік нысандарын дамытудың арнаулы Бағдарламасын жүзеге асыру. Ірі, орташа және шағын кәсіпорындар арасындағы кооперациялық байланыстардың дамуына баса назар аударылады.

Шағын бизнесті қаржылық қамтамасыз етуді жақсарту, өз ісін жүргізудің негіздеріне үйрету үшін Кәсіпкерлікті қолдау қорын құру, кадрларды оқыту және даярлау бойынша оқу орталықтарының, курстардың, арнаулы семинарлардың жүйесін дамыту көзделуде.

Қоғамдағы кәсіпкерлікті нығайтуға бағытталған насихаттық, түсіндіру жұмысы жалғастырылады.

Қолданылған шаралар жалпы аймақтық өнімнің жалпы көлеміндегі шағын бизнестің үлесін арттыруға, қаланың тауарлық нарығының бәсекеге төзімді өнімдермен, жергілікті өндірістің қызметтерімен қамтамасыз етілуін жақсартуға, салық салынатын базаны ұлғайтуға, жұмыссыздық проблемасын азайтуға мүмкіндік береді.

Болжанып отырған кезеңнің соңына қарай шағын бизнес субъектілері өндірген өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің жалпы көлемі 89 пайызға, өнеркәсіпте 94 пайызға өседі.

Шағын бизнес саласындағы жұмыспен қамтылғандардың саны 283 мыңға жетеді, олардың 66 пайызы шағын кәсіпорындардағы жұмыспен қамтамасыз етіледі.

## Халық, жұмыспен қамту және еңбек ресурстарының дамуы

**Талдау.** 2001 жылы Алматы қаласының ортажылдық халық саны 1133,2 мың адам құрады. Халық санына демографиялық процестер көп әсер етті. Қалада 2001 жылы 14,0 мың жаңа туған бала мен 11.9 мың өлгендер ресми түрде тіркелді. Халықтың табиғи өсуі 21 мың адам құрады. Әр 1000 адамға туылу 12.4 және өлу 10.5 коэффициентін құрады. Инфрақұрылым дамуымен геополитикалық роліне қарай Алматы қаласы көші-қонға өте қолайлы. Жалпы көші-қон 2001 жылы 55.7 мың адам, 2002 жылға қарағанда 27,1 пайызға көп. Негізгі келушілер мен кетушілер контингенті жұмыс істеуге қабілеті бар жастағылар. Есеп жылында көші-қон өсімі 3.7 мың адам құрады.

Экономикалық белсенді халық қоғамның экономикалық жүйесі ретінде негізгі өндіру күші болып есептеледі.

2001 жылы экономикалық бөлгенді халық саны 556.0 мың адам құрады. Экономикалық белсенді халық деңгейі 62.3 пайыз құрады.

2001 жылдың қорытындысы бойынша қаланың экономика саласында 496,1 мың адам жұмыс істейді.

Жұмыс істейтіндер құрамының 78.4 пайызы ірі, орта және кіші кәсіпорындарда, қаланың әр түрлі меншіктік ұйымдарында, 21.6 пайызы өзінше жұмыс істейді.

Жұмыссыздар саны 2001 жылы 59.9 мың адам құрады немесе жұмыссыздық деңгейі 10.8 пайызға тең.

**2003-2005 жылдарға арналған перспективалар.** 2003-2005 жылдары экономикалық өсудің, ішкі және сыртқы көшіп-қонуды одан әрі реттеу есебінен демографиялық және көші-қон жағдайын жақсарту болжануда.

2005 жылы халықтың санының 1156,7 мың адамға көбеюі белгіленіп отыр. Халықтың денсаулығын одан әрі жақсартуды ескеріп, 2005 жылы табиғи өсу 2,3 мың адамды құрайды немесе 2002 жылмен салыстырғанда 9,5 пайызды құрайды.

Сонымен, 2005 жылы қала халқы 2002 жылмен салыстырғанда 1,5 пайызға көбейеді.

2005 жылы болжам бойынша экономикалық жағынан белсенді халық саны 1,8 пайызға өседі.

Шағын және орта бизнестің дамуы, Кедейшіліктің деңгейін төмендету бағдарламасын жүзеге асыру жұмыспен қамтылған халықтың санын бірте-бірте көбейтуге мүмкіндік береді, 2005 жылы олардың саны 547,0 мың адамға немесе экономикалық жағынан белсенді адамдардың саны 92,0 пайызға артады деп күтілуде.

Өнеркәсіпте жұмыс істейтіндердің саны 14,5 пайызға (2005 жылы 84,2 мың адамға дейін), құрылыста 66,7 пайызға (38,5 мыңнан 45,2 мың адамға дейін) көбейеді деп болжанауда.

Еңбек нарығындағы жағдай жұмсартылады. Есеп бойынша 2005 жылы жұмыссыздар саны 47,5 мың адамды құрайды. Төрт жыл ішінде жұмыссыздық деңгейі 10,8 пайыздан 8,0 пайызға азаяды.

Талдау бойынша жұмыссыздардың негізгі бөлігі еңбек нарқы кезіндегі талап етілетін жоғары және орта білімі бар адамдар. (бухгалтер, заңгер, экономистер). Одан басқа да басқа да көрші мемлекеттерден келгендер осы мәселеге кері ықпалын тигізуде. Көптеген кәсіпкерлер Алматы қаласында есепте тұрмайтын арзан жұмыс күшін ықыласпен жалдайды. Бұл жергілікті жұмыссыз жүргендерге бәсекелестік туғызып заңсыз арзан жұмысшы күшін тартуға негіз болуда.

### **Халықтың әл-ауқатының артуы**

**Талдау.** 2001 жылы тізімдегі және тізімдегі емес қызметкерлердің, міндетті қоса атқарушылардың (меншік түріне қарамастан және шағын кәсіпорындарды қоса алғанда) жалақылары 92 291,5 млн. теңгені құрады, өсу қарқыны 39,1 пайызды құрады. Олардың 26679,9 млн. теңгесі немесе 28,9 пайызы шағын кәсіпорындардың еңбекке ақы төлеу қорының үлесіне тиеді (бұл көрсеткіш 2000 жылы 18,1 пайызды құрады). Еңбекке ақы төлеу қорының едәуір өсуі 2000 жылғы жалдамалы қызметкерлер санының 305,4 мың адамнан 2001 жылғы 329,3 мың адамға өсуімен, сондай-ақ орташа айлық жалақының 17,6 пайыздан 24,7 пайызға өсуімен түсіндіріледі.

2001 жылы қала бойынша орташа айлық жалақы 20508 теңгені, долларлық эквивалент бойынша 139,5 АҚШ долларын құрады. Ірі және орта кәсіпорындар бойынша ол 22476 теңгенің мөлшерінде, шағын кәсіпорындар бойынша 22057 теңгенің мөлшерінде қалыптасты. Бұл орайда нақты жалақының өсуі 115,8 пайызға жетті.

2001 жылы қызметкерлердің орташа айлық нақты жалақысы күнкөріс минимумының шамасынан 4,3 есе жоғары, 2000 жылы - 3,9 есе жоғары болды.

Төменгі орташа айлық жалақы денсаулық сақтау саласында 9532 теңге, жалпықалалық деңгейден 55,5 пайызға төмен болды, білім саласында 15073 теңге, тиісінше 39,6 пайыз, мемлекеттік басқару саласында 17295 теңге, 19,2 пайыз болды.

Ең жоғары орташа айлық жалақы қаржы қызметінің саласында байқалды 74510 теңге, бұл жалпықалалық деңгейден 3,4 есе жоғары болды, көлік және байланыс салаларында - 27532 теңге, 28,5 пайыз, жылжымайтын мүліктер бойынша операциялар, жалдау және қызметтер көрсету саласында 23167 теңге, 3,1 пайыз болды.

Еңбекке ақы төлеу қорының едәуір бөлігі (15,9 пайыз) өнеркәсіптік кәсіпорындардың үлесіне тиеді, 12,2 пайызы - қаржы қызметімен айналысатын ұйымдардың үлесіне тиеді, бұл орайда олардың саны жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар, жалдау және қызметтер көрсету салаларында тиісінше 3,3 пайызды, 15,7 пайызды құрайды, көлік және байланыс кәсіпорындарында 11,8 пайызды, білім саласында - 10,6 пайызды құрайды.

**2003-2005 жылдарға арналған перспективалар.** 2002-2005 жылдарға арналған еңбекке ақы төлеу қорын қалыптастыру кезінде 2002 жылдың соңына дейінгі күтіліп отырған нәтижелер, инфляция деңгейі, соңғы 3 жылдағы орташа жалақының өсу қарқыны, жалдамалы қызметкерлер санының өсуі ескеріледі.

2002 жылы қызметкерлер санының 4,6 пайызға және орташа айлық жалақының 20 пайызға өсуін ескеріп, еңбекке ақы төлеу қорының есепті жылмен салыстырғанда 25,4 пайызға ұлғаюы белгіленіп отыр, олардың сомасы 11588370 млн. теңгені, 2005 жылы 206918.0 млн. теңгені құрайды немесе күтіліп отырған жылмен салыстырғанда 78.5 пайызға көбейеді.

2002 жылы бір қызметкерге шаққанда нақты орташа айлық жалақы, бағалауға сәйкес 24997 теңгені құрайды және 2005 жылы 44 356 теңгеге дейін (77.4 пайызға) көбейеді деп болжануда, мұның өзі долларлық эквивалент бойынша 258 А Қ Ш долларын құрайды.

Нақты жалақы жыл сайын 15 пайызға өседі деп көзделуде.

Орташа айлық жалақының ең жоғары деңгейі қаржы қызметі саласының қызметкерлерінде сақталады. Бағалау бойынша 2002 жылы бұл көрсеткіш 86713 теңгені құрайды немесе долларлық эквивалент бойынша 560 АҚШ долларын құрайды (2001 жылмен салыстырғанда 16,3 пайызға өседі). 2005 жылы 2002 жылмен салыстырғанда 68,6 пайызға өседі және 140258 теңгені немесе 820 АҚШ долларын құрайды деп белгіленуде.

Күтіліп отырған жылы өнеркәсіпте орташа айлық жалақы 23 359 теңгеден 2005 жылғы 39987 теңгеге дейін көбейеді, 71,2 пайызға өседі. Жалақының жоғары деңгейі негізінен шет елдік капиталмен жұмысы байланысты бірлескен кәсіпорындарда, сондай-ақ акционерлік қоғамдарда, ЖШС-ларда байқалады.

Күтіліп отырған жылы бағалау бойынша көлік және байланыс салаларында орташа айлық жалақы 34017 теңгеге, долларлық эквивалент бойынша 219 долларға (23.5 пайызға өседі) көбейеді. 2005 жылы 55606 теңгеге (325 доллар) жетеді, 2002 жылмен салыстырғанда 63.5 пайызға өседі. Бұл салада айрықша жоғары жалақы авиация және байланыс қызметкерлерінде болады.

Құрылысшылардың орташа жалақысы күтіліп отырған жылы 26472 (19.5 пайызға өседі) дейін көбейеді деп күтіледі. 2005 жылы 62.5 пайызға (43015 теңге) өседі деп болжануда.

Күтіліп отырған жылы білім беру саласындағы орташа айлық жалақы 23.3

пайызға өседі деп болжануда, мұның өзі 18 596 теңгені құрайды. Бұл орайдағы болжанып отырған өсуге қарамастан, аталған көрсеткіштер 2005 жылы жалпықалалық деңгейден 29.0 пайызға төмен болады. Бұл салада жоғары білім беру мекемелері қызметкерлері жалақысының өте жоғары екені байқалады.

Қала бойынша денсаулық сақтау, әлеуметтік қызметтер көрсету салаларында ең төменгі көрсеткішті байқаймыз. 2002 жылы өсу 122.2 пайызға (11656 теңге - жалпықалалық деңгейден 55.7 пайызға төмен), 2005 жылы еңбек ақыны 19722 теңгеге өсіру жоспарлануда (келесі жылға өсуі 69.2 пайызға), мұның өзі жалпықалалық деңгейден 55.5 пайызға төмен.

Өнеркәсіп, көлік, байланыс, құрылыс, шағын және орта бизнес бойынша салалық бағдарламаларды, кедейшілік пен жұмыссыздықты төмендету және басқа да бағдарламаларды жүзеге асыру тұрғындарды жұмыспен қамтуды қарқынды жүргізіп, халықтың тұрмысын көтеруге мүмкіндік береді.

### **Халықтың ақшалай табыстары және шығындары**

**Талдау.** Халықтың жан басына шаққандағы ақшалай табыстары және шығындары тұтынуға пайдаланылған үй шаруашылықтарын зерттеудің мәліметтеріне негізделіп есептелді. Тұтынуға пайдаланылған үй шаруашылықтарының табысы шығындар үшін есептелген ақшалай табыстардың сомасын және жеке шаруашылық өнімдерінің тұтыну құнын білдіреді.

2001 жылы тұтынуға пайдаланылған жан басына шаққандағы ақшалай табыс 105 751 теңгені құрады. Бұл орайда нақты ақшалай табыстардың индексі 115,2 пайызды құрады. Халықтың орташа айлық табысының мөлшері күнкөріс минимумынан 1,8 есеге артты, бірақ қала бойынша орташа айлық жалақыдан 41,1 пайызға төмен болды.

Халықтың ақшалай табысының құрылымының 76,4 пайызы еңбек қызметі табыстарының үлесіне тиеді, 17,8 пайызы - әлеуметтік трансферттерді (зейнетақы, жәрдемақы, шәкіртақы және басқа да әлеуметтік төлемдер), 5,3 пайызы жинаған қаражаттардан түскен ақшалай табыстарды, ақша қаражаттарының жинақталуын, 0,5 пайызы сатудың барлық түрлерінен түскен табыстарды құрайды.

2001 жылы Алматы қаласы халқының жан басына шаққандағы ақшалай табыстары 153365,2 теңгені құрады, мұның өзі 2000 жылғы ақшалай табыстардан 55,6 пайыз жоғары және Алматы қаласы халқының жан басына шаққандағы орташа ақшалай табыстарынан 5 пайызға төмен. Халықтың орташа айлық шығындарының мөлшері күнкөріс минимумынан 2,6 есеге артты, мұның өзі қала бойынша орташа айлық жалақыдан 59,6 пайызға төмен.

Халықтың ақшалай табысының құрылымындағы 89,2 пайызды тұтыну шығындары құрайды, әсіресе бұлар азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар және ақылы қызметтер, тиісінше 48,6 пайыз, 19,2 пайыз және 32,2 пайыз. Алматы



қаласы халқының жан басына шаққандағы орташа ақшалай табысының 4,4 пайызын салықтар, жиымдар, төлемдер құрайды, 2001 жылы басқа да шығындар 6,4 пайызды құрады.

**2003-2005 жылдарға арналған перспективалар.** 2002-2005 жылдарға арналған болжамда орташа айлық жалақының өсуі, орташа айлық әлеуметтік жәрдемнің мөлшері, инфляциясының индексі ескерілді.

2005 жылы халықтың жан басына шаққандағы орташа ақшалай табысы 60,4 пайызға, еңбек қызметінен түскен табыстар 72,0 пайызға, барлық табыстардан түскен үлес 76,4 пайыздан 83,6 пайызға өседі деп болжануда. Әлеуметтік трансферттер 20,0 пайызға өсіп, оның үлесі 17,8 пайыздан 12,2 пайызға төмендейді.

### **Халықты әлеуметтік қорғау**

**Талдау.** Кедейшілік шегінің мөлшерін анықтаудағы негізгі көрсеткіш күнелту минимумы болып табылады. Күнкөріс минимумы ең төменгі тұтыну себебі негізінде есептеліп, азық-түлік тауарларының 70 пайызының, азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің 30 пайызын қамтиды. 2003-2005 жылдарға арналған күнкөріс минимумы шамасының есебі осы жылдардың тұтыну бағаларының индексі ескеріп, шығарылды. Бұл көрсеткіш мемлекеттің мекендік әлеуметтік көмек көрсетудегі экономикалық мүмкіндігін көрсетеді. Экономиканың дамуы кедейшілікпен тиімді күрестің маңызды шарты.

Қаладағы экономикалық көрсеткіштердің онды динамикасына қарамастан, 2002 жылдың I-ші тоқсанында күнкөріс минимумының шамасынан төмен табыстары бар халықтың үлесі 12,1 пайызды (137,7 мың адам) құрады, ал мекендік әлеуметтік көмек алуға өтініш жасаған және ниеттенген азаматтардың саны 21,7 мың адамды немесе қала халқының 1,9 пайызын құрады. Жалпы алғанда, қала бойынша тұрмысы кедейшілік шегінен де төмен адамдардың саны 55,3 мың адамды құрады.

Осылайша, Алматы қаласында 2001 жылы әлеуметтік бағдарламаға республикалық және жергілікті бюджеттерден барлығы 17 467,5 млн. теңге жұмсалды, олардың (10,6 пайызы) жергілікті бюджеттің қаражаттарынан 1859,8 млн. теңге, арнаулы мемлекеттік жәрдемақылардың сомасын қоса алғанда, бөлінді. Сонымен бірге:

- қаржыландырудың негізгі бағдарламасы бойынша 1071,2 млн. теңгесі келесі бағыттар бойынша әлеуметтік жәрдем көрсетуге арналды: мемлекеттік мекендік әлеуметтік көмек, тұрғын үй көмегі, жергілікті өкілетті органдардың шешімімен азаматтардың жекелеген топтарына арналған әлеуметтік төлемдер, қоғамдық жұмыстар үшін ақы төлеу, жұмыссыздарды мамандыққа даярлау және қайта даярлау және басқа да төлемдердің түрлері;

- 222,1 млн. теңгесі мына мекемелер арқылы әлеуметтік қамсыздандыруға жұмсалған: жалғызділікті қарттарға арналған интернат-үйі, қарттарға, мүгедектерге арналған интернат-үйі, Әлеуметтік қызмет көрсетудің аумақтық орталықтары және үйде әлеуметтік жәрдем көрсету бөлімшелері, Медициналық-әлеуметтік сараптау комиссиялары, Әлеуметтік тұрғын үй, тұрақты орны жоқ адамдарға арналған Алматы қалалық Әлеуметтік бейімдеу орталығы.

Бұл орайда 2001 жылы бір адамға шаққанда мемлекеттік мекендік әлеуметтік жәрдемнің орташа айлық мөлшері 1529 теңгені құрады.

**2003-2005 жылдарға арналған перспективалар.** 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР-ның "Мемлекеттік мекендік әлеуметтік көмек туралы" Заңының енгізілуіне байланысты мекендік әлеуметтік көмек алуға ниет еткен азаматтардың саны 2002 жылы 10,6 пайызға (24,0 мың адам), 2005 жылы 11,3 пайызға өсіп, 26,7 мың адамды құрайды. Мекендік әлеуметтік көмек алушылар санының көбеюі ең алдымен мынамен түсіндіріледі:

- кедейшілік шегі мөлшерінің 2002 жылғы 2076 теңгеден 2005 жылы 2444 теңгеге дейін өсуі, яғни 17 пайызға өсуіне;

- азаматтардың осы көмекті алу үшін өтініш жасау тетігінің оңайлатылуына;  
- жұмыс беруші мен қызметкердің арасындағы еңбек қатынастарының жетілдірілмеуінің табыстарды жасыруға әкеліп соғуына байланысты.

2002 жылы әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруға 2502.1 млн теңге (2001 жылы 34.5 пайызға көбейді), оның ішінде 1553.8 млн. теңге әлеуметтік көмекке (арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларсыз) және 225.1 млн теңге әлеуметтік қамтамасыз етуге бөлінеді. 2002-2005 жылдары жергілікті бюджеттің барлық әлеуметтік бағдарламалар бойынша (арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларсыз) шығындарын 51,6 пайызға көбейту, яғни 2928,1 млн. теңгеге жеткізу белгіленіп отыр.

Табыстары кедейшілік шегінен де төмен мөлшердегі және аудандық еңбек, жұмыспен қамту орталықтарында тіркелген тұрмысы төмен азаматтардың санын ескеріп, мемлекеттік мекендік әлеуметтік көмекке арналған қаражаттардың қажеттілігі 2003 жылы 434,4 мың теңгені, 2004 жылы 478,3 мың теңгені, 2005 жылы - 517,1 мың теңгені құрайды.

Сондай-ақ 2002 жылғы 1 сәуірден бастап коммуналдық қызметтерге арналған тарифтердің көтерілуіне байланысты жылдың соңына таман тұрғын үй көмегін алуға әрекет жасайтын азаматтардың саны 15 мыңнан 18 мыңға дейін көбейеді деп күтілуде.

2005 жылы орташа айлық жәрдемақының мөлшері 1900 теңгеге дейін өсіп, оның көлемінің ұлғаюы 11,8 пайызды құрайды. Тұрғын үй көмегін алушылар саны шамамен 20 пайызға өсіп, 2005 жылы 31,1 мың отбасыны құрайды. 2005

жылы тұрғын үй жәрдемақысын (көмегін) төлеу үшін 709,2 мың теңге қаржы қ а ж е т б о л а д ы .

Зерттеулердің мәліметтері бойынша, тұрмысы төмен отбасылардың 45 пайызы әлеуметтік көмекті бәрібір ала алмаймыз деп есептегендіктен, әлеуметтік қорғау органдарына өтініш жасамаған, отбасылардың 18,5 пайызы әлеуметтік көмектің мөлшері оларды рәсімдеуге арналған шығынды өтемейді, ал отбасылардың 16 пайызы әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарды жинау үлкен қиындық туғызады деп есептейді.

Уақытша және кездейсоқ жұмыстармен шұғылданатын, көбісі өз табысын салық төлемеу үшін жасыратын қызметкерлердің үлкен армиясы бар. Экономика саласында жұмыс істейтіндердің 10 пайыздан астамының ҮЖК-ы жоқ, олар салық төлеуден тыс қалады деп саналады.

### **Әйелдердің әлеуметтік-экономикалық дамуға қатысуы**

**Талдау.** Әйелдер проблемаларын шешу үшін Алматы қалалық Әкімшілігінде отбасы, әйелдер ісі жөніндегі комиссия жұмыс істейді. Комиссия жұмысының негізгі бағдарламалық құжаттары - әйелдердің жағдайын жақсартуға бағытталған мемлекеттік және қалалық бағдарламалар.

Осы бағдарламалардың шеңберінде мына тақырыптарға ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізілді: "Қазақстан әйелдері: мемлекеттің тәуелсіздігінің 10 жылы ішінде, ХХІ ғасырға көзқарас", "Экология және Қазақстан әйелдерінің репродуктивтік денсаулығы", "Адамдардың траффигі: ескерту ретіндегі ақпарат" ж ә н е т . б .

Әйелдердің проблемаларын шешу үшін "Денсаулық" дағдарыс орталығы қ ұ р ы л д ы .

Алматы қаласында әйел кәсіпкерлершілігінің дамуына көп көңіл бөлінуде, 2001 жылы қала бюджетінен әйел кәсіпкерлерге жалпы мөлшері 13.4 млн. теңге тұратын 9 несие берілді, бір жоба бизнес инкубатор аясында қаржыландырды. Осы кәсіпорындарда 70 жұмыс орыны құрылды.

Қазақстан кәсіпкер әйелдері қауымдастығымен бірлесе отырып, әйелдердің кәсіпкерлігін дамыту мәселелері бойынша "Дөңгелек стол" басындағы әңгімелер өткізілді. Жүргізілген жұмыстың нәтижелері бойынша 100 жұмыссыз әйел әртүрлі мамандық бойынша оқыту курстарынан өтті. Алматы жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорының тарапынан гранттарды бөлу кезінде әйелдер кәсіпкерлігіне б а с ы м д ы қ п е н қ о л д а у к ө р с е т і л е д і .

Қоғамдық жұмыстардың дәстүрлі түрлерімен қатар Алматы жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорымен бірлесе отырып, Герман техникалық ынтымақтастық қоғамының қолдауымен қоғамдық жұмыстардың дәстүрлі емес түрлерін ұйымдастыру бойынша бірқатар пилоттық жобалар жүзеге асырылды.

Нәтижесінде 27 әйел дербес жұмыс істеуге дағдыланды.

**2003-2005 жылдарға арналған перспективалар.** Әйелдерді кәсіпкерлік қызметке тарту жұмысы жандандырылады. Шағын кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасында бизнес жобалар бойынша жеңілдікпен несие берерде әйелдер үшін 20 пайыздық квотаны қалыптастыру, Алматы бизнес-инкубаторының аумағында өндірістік алаңдарды беру, әйелдерді мамандық алу үшін оқуға жіберу қарастырылады.

Көп балалы, тұрмысы төмен отбасылардың, әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасылардың, аналардың проблемаларын шешуге жәрдемдесу жалғастырылады. Әйелдер бірлестіктерінің, сонымен бірге отбасы және әйелдер проблемаларына қатысы бар, әртүрлі бағыттарда жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдардың іс-қимылдарын үйлестіру жұмысы жалғастырылады.

"Қамқорлық" дағдарыс орталығының, қалалық отбасы және әйелдер істері жөніндегі комиссияның жұмысы жандандырылады.

### **Білім беру**

"Білім беру" саласы бойынша индикативтік жоспардың негізгі көрсеткіштері ҚР-ның "Білім беру туралы" Заңының талаптарына, Алматы қаласындағы білім беру жүйесінің ерекшеліктеріне, бағыттарына сәйкес әзірленді.

**Талдау.** Өткен жылдары сақталып, соңғы жылдары білім беру мекемелері дами түсті. Қаланың барлық мекемелерінде білім берудің жаңа технологиясы мен ақпараттық жүйесі енгізілуде ( электрондық оқулықтар, мультимедиялық бағдарламалар, виртуалдық лабораториялар). Салауатты өмір салты үшін кең науқандық жұмыстар атқарылуда.

**Мектепке дейінгі балалар мекемелері.** 1999 жылдан бастап МДМ негізсіз қысқарту тоқтатылды, 2002 жылдың басына дейін қала маңында 154 ұйым қызмет атқарған, ондағы балалар саны 22,6 мың адам. Барлық балалар бақшасы 144 (балалардың саны 21,36 мың адам) мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын болып табылады, 39 жеке және ведомстволық (2,5 мың адам).

Қаланың балалар бақшасы 75 пайызға қамтылған, мектепке дейін әзірлікте 17,4 мың адам қызмет атқарған, (77 пайыз балалар мектепке дейінгі мекемелерді қамтиды).

Қалада 26 қазақ және 49 аралас балалар бақшасы бар онда 95 топ қазақ бөлімшесі, 14 санаторлық және мамандандырылғын мектепке дейінгі мекемелерде 1282 бала тәрбиеленуде.

**Жалпы орта білім беру.** Қаланың мектеп жүйесі 143 мекемеден тұрады (2001 жылы 3 жаңа мектепті қоса алғанда) онда 196,3 мың адам оқиды. 189 мектеп мемлекеттік меншікте және 54 мектеп жеке меншікте мұнда 191,5 және 4,8 мың адам білім алады.

Бұған қоса арнайы мекемелерде 10 интернатта 2 мың бала оқиды және 1 әлжуаз балаларға арналған мамандандырылған мектеп бар (80 оқушылық).

Жалпы білім беретін мектептер қалада бірқалыпты орналасқан. 2002 жылы Ақбұлақ, Жетісу, Шаңырақ шағын аудандарында мектептер іске қосылды. Бірақ осыған қарамастан кейбір мектептер 2-3 ауысымда жұмыс істейді. 18 мектеп ескі ғимараттарда орналасқан. Барлық мектептерде компьютерлер қойылған. Жан-жақты оқыту сабақтары жүргізілуде. Жасөспірімдердің Үйі ашылды.

**Бастауыш кәсіптік білім беру.** Халық шаруашылығының білікті мамандарды әзірлеу мақсатында 2001 жылы оның қатары 32 пайызға көтерілді, 2000 жылы 4 пайыз болатын. Мұнда оқушыларды кәсіптік училищелер мен лицейлерге қабылдау тұрғысында жүзеге асады. Осында кәсіптік білім алушылар қатары 15 пайызға арта түсті. Қазір қалада 13 орта мекеме, оның 12 мемлекеттік қаланың иелігінде. 1-жеке онда 150 адам оқиды. Жалпы осы аталған мекемелерде 4,45 мың адам оқиды. 2002 жылдың соңына дейін бюджет қаражаты есебінен 2001 жылға қарағанда 46 пайызға көтеріліп, 265 млн. теңге құрайды.

**Орта кәсіптік білім беру.** Қалада 66 орта арнайы оқу орындары бар, оның ішінде 6 қалалық білім беру жүйесінде, 5-ҚР ғылым мен білім Министрлігінде, 4-басқа да әр түрлі министрліктер мен ведомстволарда және 48 мемлекеттік емес. Оқушылардың жалпы саны 20.0 мың адам, 9.7 мың адам мемлекеттік емес мекемелерде, оның ішінде 0.6 мың адам жергілікті бюджет есебінен оқиды. Өткен жылы ОМОН жергілікті бюджет есебінен 193 млн. теңгеге қаржыландырылды.

**Жоғары білім беру.** Алматы қаласы еліміздегі көптеген жоғарғы оқу орындарының тоғысқан жері. Оның аумағында 136.4 тыс студент оқитын, 225 жоғарғы білімді мамандық түрлерін беретін 73 ЖОО бар.

Алматы қаласында күндізгі жалпы білім беретін мектепте оқушылар саны орта есеппен 26.7 адамға, республика бойынша 21-ге дейін өсті, бұл оқушылардың дайындығын төмендейтінін байқатады.

**2003-2005 жылдарға арналған перспективалар.** 2003-2005 жылдардағы кезеңде білім берудің барлық деңгейдегі сабақтастығын қамтамасыз ету, білім беретін барлық мекемелерде оқытудың жаңа технологияларын енгізу, оның экономиканың жоғары білікті мамандарға қажеттілігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ қоғамды адамгершілік және дене бітімі жағынан сауықтыруға мүмкіндік беретін тиімді жүйені құрудағы ролін көтеру жоспарлануда. Жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға айрықша назар аударылады.

**Мектепке дейінгі балалар мекемелері.** 2005 жылдың соңында қалада 156 балабақша жұмыс істейді деп көзделуде. Тұрмысы төмен отбасылардың балаларына арналған балабақша ашу мүмкіндігі қарастырылады. Жеке сектор едәуір дамиды. Балабақшалардағы балалардың саны 5-6 жастағы балаларды

мектеп алдындағы даярлауға қамтудың өсуі есебінен 24 мың адамға жетеді.

**Жалпы орта білім беру.** 2005 жылдың соңында мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің желісі қала тарапынан 3 мектепті салу, 3 мектепті кеңейтіп салу есебінен 4136 орынмен толықтырылады. Одан басқа 2002 жылы әлжуаз балаларға арналған 144 орындық мектеп ашылады.

Білім беру ісіндегі жеке сектордың дамуына жағдай жасау 2005 жылдың соңында жеке меншік мектептердің санын 65-ке жеткізуге мүмкіндік береді.

Болжанып отырған кезеңнің соңында қаладағы жалпы білім беретін мектептердің саны 11 бірлікке көбейеді және 258-ге жетеді, ал ондағы оқушылардың саны тиісінше 5,7 мыңға жетіп, 204 мың адамды құрайды.

2002 жылы мектептерде бірнеше тілде оқытылатын тәжірибелік сыныптар аш у к ө з д е л у д е .

**Бастауыш кәсіптік білім беру.** Орта кәсіптік білімді мамандықтарды дайындау тапсырысын ұлғайту көзделуде. Олардың саны 3 бірлікке Алматы көлік және коммуникация колледжі аясында темір жол кәсіптік техникалық мектеп, қиын жасөспірімдерді тәрбиелеу мектебінің аясында, бизнес және технология колледжінің құрылымдық бөлімшелері. Құрамында 9,1 мың оқушысы бар 16 бірлікке көбейеді. Оқушылар саны жыл аяғына дейін 70,5 пайызға өседі. Мекемені бюджеттік қаржыландыру бір жарым есеге өседі.

Барлық мекемелерде жаңа стандартты оқулықтар компьютерлік бағдарламалар, оның ішінде мультимедиялық оқу процестерін енгізу жобалануда .

**Орта кәсіптік білім беру .** Мекемелер саны 2002 жылдың деңгейінде қалады. Оқушылар саны 18 пайызға өседі және 28,0 адам құрайды. Астанаға көшуіне байланысты Республикалық бағыныстағы колледж саны бір бірлікке азаяды. Мемлекеттік емес колледждер саны сол деңгейде қалады. Оқушылардың бір бөлігі мемлекет есебінен оқиды. 2005 жылдың аяғына дейін бюджеттік қаржыландыру 512 млн. теңгеге жетеді. Оның ішінде жергілікті бюджет осы мақсатқа 310 млн. теңгені көздейді.

**Жоғары білім беру.** Жоғары мемлекеттік білім беру мекемелері 2002 жылдың деңгейінде қалады. 73 мың студенті бар 60 жоғары оқу орны жеке білім беруде. Жыл аяғына дейін жоғарғы оқу орындарындағы студенттер саны 148 мың адамға жетеді.

### **Денсаулық сақтау**

**Талдау.** 2001 жылы негізгі күш-жігер тұрғындарға медициналық қызмет көрсетудің сапасын жақсартуға бағытталды.

Халықтың қажеттілігін ескеріп, қаланың медициналық мекемелерінің желісі тағы бір Сәбилер үйімен, алдын ала тексеру емханасымен, қазіргі заманғы

медициналық технологиялардың емдеу-диагностикалық орталығымен наркологиялық сырқаттарды сауықтыру орталығымен, өкпе ауруымен ауыратын сырқаттарды күштеп емдеу бөлімшесімен және осындай сырқаттарды емдеудің екінші кезеңіне арналған бөлімшесімен толықтырылды. Бүкіләлемдік банкпен бірлесе отырып, СВА-ның модельдік кешені құрылды.

Қала аумағындағы денсаулық сақтау мекемелерінің желісі 76 емханадан және 53 ауруханадан, мемлекеттің меншігіндегі 41 емхананы және 47 аурухананы қоса алғанда, тұрады.

2002 жылдың басындағы жағдай бойынша 8 отбасылық дәрігерлік амбулатория жұмыс істеді, олардың 1-уі жеке меншік.

Қаланың стационарларының жалпы қуаты 11057 төсекті қамтиды, олардың 10568-і мемлекеттік ауруханаларда, емханалардың жиынтық қуаты 1 ауысымда 23887 сырқат (18938) дәрігерге қаралады, әрбір 10 мың адамға шаққанда тиісінше 210 және 166,7 келеді.

Жергілікті бюджеттің қаражаттары есебінен жалпы сомасы 192 млн. теңгенің медициналық жаңа жабдығы сатып алынды, 88 млн. теңге тұрғындардың жеңілдігі бар топтарына арналған дәрілерді алуға жұмсалды, 35 денсаулық сақтау мекемесін күрделі жөндеуге 430 млн. теңге жұмсалды.

2002 жылы 2 теміржол ауруханасының жеке меншікке берілуіне байланысты мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінің саны 2 бірлікке азайды.

Әлеуметтік маңызы бар аурулармен күрес бойынша кешенді мақсатты бағдарламаларды жүзеге асыру оңды нәтижелерді берді. Соның нәтижесінде өкпе ауруымен, көкжөтелмен, В вирусты гепатитпен ауыратын сырқаттардың саны азайды, қызылшамен ауырған жағдайлар болмады.

Халықты дәрімен қамтамасыз етуге оңтайлы тәсілдермен келіп, жағдай едәуір жақсарды. Қала Әкімінің шешімімен сырқаттарды қамтамасыз ету үшін дәрілердің ассортименті едәуір кеңейіп, дәрігерлердің рецептісі бойынша дәрілер тегін берілетін сырқаттардың тізімі толықтырылды. Қалада қазіргі уақытта 482 жеке меншік дәріхана жұмыс істейді, олардың саны 2001 жылмен салыстырғанда 30 бірлікке көбейді.

Салауатты өмір салты үшін кеңінен науқан өткізілуде, оған барлық білім мекемелері, медициналық ұйымдардың көпшілігі тартылды. 29 денсаулықты нығайту орталығының, 4 темекіге қарсы жұмыс істейтін орталықтың қызметі ұйымдастырылды.

Денсаулық сақтау жүйесін реформалау халықтың әртүрлі қызметтер көрсетуге мұқтаждығын ескеріп, жүзеге асырылды. 2002 жылы медициналық мекемелердің желілерін тиімді пайдалану мақсатында 3 отбасылық дәрігерлік амбулаториялар - N 1, N 2, N 3 амбулаториялар қайта ұйымдастырылып, олардың базасында N 13, N 14 емханалар ашылды. 2002 жылдың соңына дейін N 4

стоматологиялық емхана жекешелендіріледі.

**2003-2005 жылдарға арналған перспективалар** қаланың денсаулық сақтау жүйесі дамуының перспективалық жоспарына сәйкес әзірленді. Күндізгі стационарлардың қуатын олардың нақты қажеттілікті өтейтін жағдайға келтіру, пилоттық күндізгі стационарды ашу және оның тәжірибесін тарату жұмысы жалғастырылады.

Денсаулық сақтаудың барлық мекемелерінде жаңа технологияларды, инновацияларды қолданып, техникалар жаңартылып, көрсетілетін жоғары сапалы қызметтердің көлемі ұлғайтылады. Балаларды, жасөспірімдерді, әйелдерді, азаматтардың басқа да топтарын диспансерлік қадағалау үшін қамту жайы кеңейтіледі. Мемлекеттік емес денсаулық сақтау мекемелерін өркендетуге зор назар аударылады. 2005 жылға таяу жеке меншік амбулаториялық-емханалық ұйымдардың саны 67 пайызға немесе 135 бірлікке дейін көбейеді.

Кепілді медициналық қызметтер көлемімен қамтамасыз ету үшін бюджеттің қаражаттарын бөлудің нормативтік әдісін енгізу жоспарлануда.

2003 жылы Медициналық-әлеуметтік түзету орталығының, Психикалық салауаттылық орталығының кеңеюіне байланысты төсектер саны 186-ға ұлғаяды. Сызғанов атындағы Хирургия институты төсектерінің саны 50-ге көбейеді. Қаланың медициналық мекемелеріне арналған қанның компоненттері мен препараттарын өндіру үшін Қан құю станциясын ашу жоспарлануда.

Жеке меншік денсаулық сақтау мекемелері бойынша 2003-2005 жылдарға арналған болжам соңғы үш жылдағы динамика негізінде әзірленді.

2005 жылға таяу амбулаториялық-емханалық мекемелердің жиынтық қуаты 3 пайызға ұлғайып, 11793 төсекті құрайды.

### **Қоршаған ортаны қорғау**

**Талдау.** Бүгінгі таңда Алматы қаласының жалпы аумағы 28,2 мың га-ны құрайды, олардың негізгі бөлігінде тұрғын үйлер (20,4 мың га), экономикалық-әлеуметтік сипаттағы ғимараттар мен құрылғылар (2,5 мың га) салынған, аз ғана бөлігін ауыл шаруашылығы жерлері (1,9 мың га) құрайды. Айрықша күзетілетін табиғи аумақтардың, су және орман қорларының үлесінде 2,6 мың га бар. 5 жыл ішінде қаланың аумағы Алматы облысының кейбір аумақтарының қаланың құрамына енгізілуіне байланысты 5 мың га-ға ұлғайды.

Қалада экологиялық жағдайды жақсарту жұмысы жүргізіледі. Айталық, 2000 жылдың наурыз айынан бері атмосфералық ауаның ластануын жүйелі қадағалайтын 3 стационарлық постының жұмысы қалпына келтірілді.

Алматы қаласын сумен жабдықтау Алматы және Талғар жер асты су көздерінің, үлкен Алматы және Кіші Алматы өзендерінің жер бетіне жақын суларының есебінен жүзеге асырылады. Жүргізіліп отырған есептеу



приборларын орнату шаралары тұтынылатын жер асты суларының көлемін азайтуға мүмкіндік берді, бұған орташа көп жылғы маңызы бар салыстыру бойынша олардың деңгейінің 0,14-2,54 метрге көтерілуі айғақ болады. 2001 жылы табиғи су көздерінен алынатын судың жалпы көлемі 267,04 млн. текше метрді құрады, мұның өзі өткен жылы алынған судың көлемінен 11,5 млн. текше метрге аз. Судың негізгі бөлігі (78,6 пайыз) шаруашылық, ауыз су мұқтаждарына п а й д а л а н ы л а д ы .

Алматы қаласының ағын сулары "араластырылған" түрінде жүйеленеді. Өндірістік ағын суларды қаланың су нысандарына ағызуға жол берілмейді. Қалада 184 тазарту құрылысы салынған және пайдалануда, оларды 7-уі 2001 жылы іске қосылды. Ағын суларды тұрғын үй, қоғамдық-әкімшілік, өнеркәсіптік және басқа да кәсіпорындардан ағызу өндірістік-тұрмыстық канализацияның біртұтас желісі бойынша жүзеге асырылды.

Бүлінген жерлерді қайтадан культивациялау жұмысы жүргізілуде. 2001 жылы қалалық қоқыстарды қайта тиеу стансасының аумағындағы жерлерді қайтадан культивациялау жұмыстары жоспарланды. Қазіргі уақытта осы стансада қоқыс жинақталмайды, қоқыстарды қайтадан тиеп әкету жүзеге асырылуда.

2002 жылға арналған жергілікті бюджеттен Баум бағында және "Медеу" табиғи паркінде отырғызылған ағаш көшеттерін зиянкестерден қорғау мақсатында дәрілеу үшін 1,5 млн. теңге бөлінді.

**2003-2005 жылдарға арналған перспективалар.** "Таза ауа жанға дауа" 2015 жылға дейінгі кезеңге арналған экологияны сауықтырудың қалалық кешенді бағдарламаның негізгі қағидаларын жүзеге асыру жұмысы жалғастырылады.

Ағын сулар жердің үстіңгі қабатына ағызып жіберілмейді және осылай жасау о й л а с т ы р ы л м а й д ы .

Таяудағы 3 жылда отырғызылған ағаш көшеттерін сақтау және сауықтыру жұмыстарын жүргізуге жылына 2,54-2,72 млн. теңге қажет.

Алдағы жылдары суды табиғи су көздерінен алу көлемін жылына орта есеппен 6-7 млн. текше метрге дейін азайту жоспарлануда. Өндіріс көлемінің өсуі жағдайында осы болжанып отырған азайту суды үнемдеу технологияларын жүзеге асыру, сонымен бірге Алматы қаласында пәтерлерде, кәсіпорындарда, ұйымдарда суды есептеу құралдарын одан әрі енгізу есебінен қамтамасыз етіледі.

Бүлінген жерлерді қайтадан культивациялау жұмысын жалғастыру жоспарлануда. Қайтадан культивациялауға жататын аумақтардың көлемі 2003 жылы 4,1 га-ны, 2004 жылы 5,9 га-ны, 2005 жылы 6 га-ны құрайды.

## **Мәдениет**

**Талдау.** Алматы қаласы республиканың мәдени орталығы ролін атқарады.

Мұнда мәдениет саласының 224 ұйымы, сонымен бірге 32 кітапхана, 15 мұражай, 10 театр, 6 клуб үлгісіндегі мекеме, 5 демалыс паркі, хайуанаттар паркі және цирк шоғырланған. Олардың 65-і мемлекеттікі. 2002 жылы цирк қаланың коммуналдық меншігіне берілді.

Өткен жылы қаланың парктері арқылы 352,6 млн. теңге сомасының қызметтері көрсетілді, оларда 2,5 млн. адам демалды. Қалалықтар көбірек демалатын орын қалалық хайуанаттар паркі. Өткен жылы ғана оған 174 мыңнан астам адам барды.

26 филармония және концерттік ұйымдар, 7 мұражай, 4 кітапхана және 9 театр республиканың меншігінде.

Қалада 3 мұрағат бар, олардың 1-уі жергілікті бюджеттен қаржыландырылады. Мемлекеттік мұрағат және Президенттің мұрағаты республиканың меншігі болып табылады. 2001 жылы мұрағаттар арқылы 74 млн. -нан астам теңгенің ақылы қызметтері көрсетілді.

"Оңтүстік астана"- "Южная столица" телеарнасы қаланың меншігінде, телевизия хабарларын жүргізудің мемлекеттік тапсырысы 6,7 сағатты құрайды, 2005 жылы ол 15 сағатқа дейін ұлғайтылады.

2001 жылы қаладағы мекемелердің, ұйымдардың және кәсіпорындардың іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшірудің кестесі әзірленді және іске қосылды. Барлық аудандардағы әкімдердің аппараттарындағы штат кестесіне іс жүргізуші қызметінің бірлігі енгізілді. ПББ-да, "Алматытелеком" ҚТО-да, "Қазаэронавигация" РМК-да, ҚР-ның Ұлттық банкінде, "ЭйрҚазақстан" ЖАҚ-да және т.б. мемлекеттік тілді оқып үйренудің тегін курстары жұмыс істейді.

Теле, радио хабарларының эфирі бойынша "Сөз сөйлеу мәдениеті", "Дұрыс сөйлей және жаза білейік", "Сөз құпиясы", "Сіздерде қазақ тілінің жайы қандай?" және т.б. тақырыптарында хабарлар жүргізіледі.

**2003-2005 жылдарға арналған перспективалар.** Таяудағы жылдары тұңғыш Президенттің мұражайын, тарихи-өлке тану мұражайын салу, М.Мақатаевқа, М.Төлебаевқа, Бөгенбай батырға, Ауғанстан соғысына қатысқан жауынгерлерге арналған ескерткіштерді, қалалық көрме орталығын ашу жоспарлануда. Сондай-ақ муниципальдық театр ашу мәселесін шешу ойластырылады. 2003 жылға таяу қаланың жоғарғы бөлігінде дендропаркті салып бітіру көзделуде.

Жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен қалалық хайуанаттар паркін ішінара қайта жаңарту, хайуанаттарды күтіп-ұстауға арналған қосымша жайларды салуды қоса алғанда, жоспарланады.

**Болжанып отырған кезеңнің соңында мәдениет ұйымдарының саны 226 бірлікті құрайды.**

Перспективада кәсіпорындар мен ұйымдардың іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге кезең-кезеңімен көшу кестесін жүзеге асыруды жандандыру

жоспарлануда. Мемлекеттік тілде компьютерлік қамтамасыз етуді жарақтандыру, іс қағаздарының әзірленген компьютерлік үлгілерін енгізуді, терминологиялық қорды одан әрі жарақтандыруды қоса алғанда, жалғастырылады.

Жастар саясатын жүргізу саласында қызметтер жәрмеңкесін өткізуді жалғастыру, тұрмысы төмен отбасылардан шыққан студенттерге қолдау көрсету, аулалық клубтардың желісін кеңейту жоспарлануда. 2004 жылы Алматы қаласында Қазақстан Жастарының съезін өткізу, Жастар сарайын ашу жоспарлануда.

## **Туризм**

**Талдау.** 2001 жылы Алматы қаласының туристік имиджін қалыптастыру жұмысы жүргізіліп, шет елдердегі елшіліктер және өкілдіктер арқылы, халықаралық көрмелер және жәрмеңкелерде буклеттер, карталар, плакаттар, CD дискілері, фотоматериалдар және басқа да жарнамалық өнімдер таратылды.

Интернетте тұрақты жаңаланып тұратын ақпараты бар ВЕБ-сайт ашылды.

"Жүз жол" аталатын 8 телехабары берілді, Шарын шатқалына, үлкен және Кіші Алматы шатқалына туристік десанттар ұйымдастырылды.

Туристік кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру орталығы құрылып, экскурсия жетекшілері, гид-аудармашылар, жаңа туристік бағыттар туралы мәліметтердің жиынтығы қалыптастырылды.

"Үздік туристік бағыт", "Үздік туристік фирма", "Туризмнің үздік қызметкері" және басқа да тақырыптарға конкурстар өткізілді. Өткізілген барлық шаралар БАҚ арқылы кеңінен жария етіліп, көшпелі және ішкі туризмді өркендетуге бағытталды.

Сонымен бірге туризмнің дамуына жасалатын кедергілер де бар. Олардың санатына мыналарды атауға болады: ақпараттық қызмет көрсетуді дамыту деңгейінің, қызметтердің инфрақұрылымының жеткіліксіздігі, қызметтердің олардың сапасына арналған бағасына сәйкес келмеуі, туристік және спорт базаларының, демалыс үйлерінің ескіруі, табиғи, рекреациялық, спорт нысандарын игерудің деңгейінің төмен болуы.

